

«Самұрық-Қазына» АҚ
Басқармасының
2025 жылғы «____» _____
№ _____ хаттамасының шешіміне
№ 2 қосымша

**«САМУРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ
ҚОР ТОБЫ ҮШІН ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІКТІ
БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ КОРПОРАТИВТІК СТАНДАРТ**

Нұсқа: 2.0

Иесі: Еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік секторы

Әзірлеуші: Еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік секторы

Астана қаласы, 2025 жыл

Мазмұны

1-бөлім. Мақсаты және жалпы ережелер.....	Ошибка! Закладка не определена.
2-бөлім. Қолдану аймағы	Ошибка! Закладка не определена.
3-бөлім. Анықтамалар мен қысқартулар	4
4-бөлім. Негізгі қағидаттар мен тәсілдер	8
5-бөлім. Бизнес-процестер.....	11
6-бөлім. Процестің сипаттамасы	13
6.1 ӨҚ-ны басқару жүйесін жоспарлау	13
6.2 ӨҚ-ны басқару жүйесінің жұмыс істеуі.....	25
6.3 ӨҚ-ның тиімділігін бақылау және талдау	40
6.4 Аралас аудит жүргізу әдіснамасы.....	45
7-бөлім. Рөлдер мен өкілеттіктер	48
№ 1 қосымша.....	50
№ 2 қосымша.....	65
№ 3 қосымша	66
№ 4 қосымша	68
№ 5 қосымша	80

1-бөлім. Мақсаты және жалпы ережелер

1. «Самұрық-Қазына» АҚ қор тобы үшін өндірістік қауіпсіздікті басқару жөніндегі корпоративтік стандарттың (бұдан әрі – Корпоративтік стандарт) негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарын, үздік әлемдік практикалар мен тәсілдерді, сондай-ақ Қордың портфельдік компаниялары қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып, «Самұрық-Қазына» АҚ (бұдан әрі – Қор) және оның портфельдік компанияларының өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесін құру/жетілдіру шеңберіндегі мәселелерді бірыңғай нормативтік және әдістемелік қамтамасыз ету.

2. Осы Корпоративтік стандарттың талаптары Қазақстан Республикасының еңбекті қорғау, тасымалдау процесінің қауіпсіздігі, өнеркәсіптік, өрт, радиациялық, ядролық қауіпсіздік және т.б. саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес белгіленген, оларға толық сәйкес келеді және оларды толықтырады. Қолданыстағы өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесін жетілдіру қажеттілігі қауіпсіздікті қамтамасыз етудің, авариялар мен жарақаттанудың алдын алудың, өндірістік қауіпсіздікті басқарудағы келесі міндеттерді жоспарлауды, шешуді және қадағалауды қамтамасыз ететін заманауи проактивті модельдер мен құралдарды енгізудің маңыздылығымен байланысты:

1) өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жоғары ұйымдастырылған жүйесіне қол жеткізу, онда ақаулардың, тоқтап қалулардың және шығарылатын өнім сапасы мен көрсетілетін қызметтер проблемаларының саны азаятындықтан, компанияның ақаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

2) өндірістік қауіпсіздік бойынша мәдениетті арттыру, сондай-ақ барлық деңгейдегі персоналды тарту;

3) өндірістік қауіпсіздік процестерін басқаруға жүйелі тәсілді іске асыру, оны барлық деңгейде қарапайым, ашық және түсінікті ету;

4) оқиғалардың, жарақаттану мен кәсіптік аурулардың алдын алуға бағытталған ескерту қағидаты бойынша басқару;

5) оқиғалардың, авариялар мен оқыс оқиғалардың санын, сондай-ақ олардың салдарының (зиянның) ауқымын азайту үшін қауіпті әрекеттер мен жағдайларды превентивті (алдын ала) анықтау;

6) өндірістік қауіпсіздік саласындағы қолданыстағы заңнамалық және басқа да талаптарға сәйкестігін кепілдендіру, деректерді бірыңғай жүргізу және қайталануды болдырмау үшін тәсілдерді біріздендіруді қамтамасыз ету;

7) орын алған жазатайым оқиғалар мен кәсіптік аурулардың, авариялар мен оқыс оқиғалардың, қауіпті жағдайлар мен қауіпті әрекеттердің, сондай-ақ

нормативтік талаптарды бұзу жағдайларының туындау себептерін жүйелі талдауды ұйымдастыру;

8) қолайлы және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау жөніндегі шараларды ұтымды жоспарлауды және іске асыруды және нормативтік талаптарға сәйкессіздіктерді уақтылы жоюды қамтамасыз ету;

9) қауіпті өндірістік объектілерді пайдалану және тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша нормативтік талаптарға сәйкес сенімді пайдалануды қамтамасыз ету;

10) өндірістік бақылаудың тиімділігін және оны барлық деңгейде жүзеге асыруға кешенді тәсілді іске асыруды, өндірістік қауіпсіздік процестерін егжей-тегжейлі мониторингтеуді және талдауды қамтамасыз ету;

11) жұмыскерлердің іс-қимылдарын үйлестіруді, өндірістік қауіпсіздік саласындағы хабардарлығын қамтамасыз ету.

2-бөлім. Қолдану аймағы

3. Осы Корпоративтік стандарт өндірістік қызметті жүзеге асыратын «Самұрық-Қазына» АҚ (бұдан әрі – Қор) портфельдік компанияларындағы өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесіне қолданылады. Корпоративтік стандарт Қор және ПК-ның өндірістік қауіпсіздік саласындағы қызметті жүзеге асыру кезінде орындалуы міндетті.

3-бөлім. Анықтамалар мен қысқартулар

4. Осы Корпоративтік стандартта келесі анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) **Негізгі себептерді талдау (НСТ)** – жағымсыз оқиғаның негізгі факторларын немесе себептерін анықтауға көмектесетін құрылымдық, кезең-кезеңдік үдеріс. Жүйенің істен шығуына әсер ететін факторларды немесе оны туындататын себептерді түсіну мәселені шешу және оны болашақта болдырмау үшін іс-қимыл жоспарын әзірлеуге көмектеседі;

2) **Қауіптер мен жұмыс қабілеттілігін талдау (HAZOP – Hazard and Operability Study)** – Жобалық мақсаттардан ауытқуды талдау үшін бағыттаушы сөздер (guide words) жиынтығын пайдалану арқылы технологиялық қауіптер мен ықтимал пайдалану мәселелерін анықтаудың жүйелі сапалық әдістемесі. HAZOP әдісі ықтимал ауытқуларды, олардың себептері мен салдарын анықтау

мақсатында үдерістің әрбір элементін мұқият әрі кезең-кезеңмен талдау үшін қолданылады. Бұл әдіс үздіксіз және мерзімдік (партиялық) үдерістер үшін қолайлы және жаңа әрі қолданыстағы қондырғылар үшін пайдаланылуы мүмкін;

3) **Өмірлік маңызы бар ережелер** – жетекші компаниялардың өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы озық халықаралық тәжірибесі, сондай-ақ Компаниялар тобында орын алған жазатайым оқиғалар, инциденттер мен апаттар туралы қолда бар ақпаратты талдау негізінде әзірленген жұмысты қауіпсіз орындаудың негізгі талаптары;

4) **Кешіктірілген индикаторлар** – тәуекелдерді басқару жүйесіндегі дәрежесі мен нақты салдарын бағалауға арналған, бір мезгілде бір немесе бірнеше кедергілерді (тосқауылдарды) көрсететін индикаторлар;

5) **Процестердің қауіпсіздігі туралы ақпарат (ПҚА, ағылш. Process Safety Information, PSI)** – қауіптерді анықтау, тәуекелдерді бағалау және қауіпті өндірістік нысандарды қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету үшін қажетті техникалық, жобалық, пайдалану және өзге де инженерлік ақпараттың жиынтығы. Оған процесте қолданылатын химиялық заттар мен материалдар туралы мәліметтер; технологиялық процесс туралы ақпарат; жабдықтың жобалануы, құрылымы және техникалық жағдайы туралы деректер; сызбалар (PFD, P&ID, BFD); автоматтандыру және апаттық қорғаныс (Себеп-Салдар Матрицасын қоса алғанда), сондай-ақ өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты басқа да құжаттама кіреді;

6) **Қауіпсіздікті бақылау карточкалары/оқиғаларды тіркеу карточкалары (safety observation card/Hazard observation card)** – бұл ПК және мердігер ұйымдардың қызметкерлеріне нысандардағы қауіпсіз емес еңбек жағдайлары, іс-әрекеттер, мінез-құлық, ықтимал қауіпті жағдайлар туралы хабарлауға, сондай-ақ қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың әсерін азайту, еңбек жағдайларын, жабдықтардың, ғимараттардың, құрылыстардың және қолданылатын механизмдердің, құрал-саймандардың жай-күйін жақсарту бойынша ұсыныстар енгізуге мүмкіндік беретін құрал. Бұл ӨҚ саласындағы тәуекелдерді басқарудың алдын алу шараларының негізгі элементі болып табылады;

7) **Қызметтің түйінді көрсеткіштері (бұдан әрі – ҚТК)** – басшылардың қызметін бағалау үдерісінде негізгі элемент. ҚТК – қойылған мақсаттарға жету дәрежесін сипаттайтын көрсеткіш;

8) **Жол-көлік оқиғаларының коэффициенті (Motor Vehicle Crash Rate, MVCR)** – соңғы 12 айда болған жол-көлік оқиғаларының саны 1 миллион километрге көбейтіліп, жүрілген километраж санына (соңғы 12 айдағы) бөлінген көрсеткіш;

9) **Өлім-жітім коэффициенті (Fatality Accident Rate, FAR)** – соңғы 12 айда болған өліммен аяқталған жазатайым оқиғалардағы зардап шеккендер саны 100 миллион адам-сағатқа көбейтіліп, жалпы жұмыс істелген адам-сағат санына

(соңғы 12 айдағы) бөлінген көрсеткіш;

10) **Жұмыс уақытын жоғалтумен жарақаттану коэффициенті (Lost Time Injury Frequency, LTIF)** – соңғы 12 айда болған еңбекке жарамдылығын жоғалтқан жазатайым оқиғалардағы зардап шеккендердің (оның ішінде қайтыс болғандардың) саны 1 миллион адам-сағатқа көбейтіліп, жалпы жұмыс істелген адам-сағат санына (соңғы 12 айдағы) бөлінген көрсеткіш;

11) **Түпкі (негізгі) себептер** – жазатайым оқиғаның немесе жағдайдың орын алуына әсер еткен басқару жүйесінің кемшіліктері сияқты басқаруға қатысты факторлар;

12) **Түзету шарасы** – анықталған сәйкессіздіктің немесе басқа да қолайсыз жағдайдың себебін жою және оның қайталануын болдырмау үшін қолданылатын іс-әрекет;

13) **Дағдарыстық жағдайлар** – ПК-ның қалыпты жұмысының жоспарланбаған бұзылуы, оның қызметінің тұрақтылығына қауіп төндіретін; ПК-ның беделіне, қаржылық әл-ауқатына немесе ұзақ мерзімді өміршендігіне елеулі әсер етуі мүмкін оқиға;

14) **Қауіпсіздік мәдениеті** – бұл ұйымдар қызметі мен жеке тұлғалар мінез-құлқының сипаттамалары мен ерекшеліктерінің жиынтығы, ол ең жоғары басымдыққа ие ӨҚ мәселелеріне олардың маңыздылығына сәйкес назар аударылатынын белгілейді;

15) **Қауіпсіздік шаралары** – ұйымның заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарымен, соның ішінде ұйым саясатымен және ішкі нормативтік құжаттамамен айқындалатын ӨҚ саласындағы мақсаттарды орындауға бағытталған жоспарлы нақты қызметі;

16) **Микрожарақат** – медициналық көмек көрсетуді немесе анағұрлым ауыр жарақатты қажет етпейтін, ұсақ сызаттарды, кесіктерді, күйіктерді, жаңқаларды және т.б. бір рет өңдеумен және кейін қараумен шектелетін алғашқы көмек көрсету жағдайы (FAC, First Aid Case);

17) **Нөлдік жарақаттану (Vision Zero)** – бұл үш бағытты біріктіретін алдын алуды ұйымдастыру тәсілі: өндірістің барлық деңгейлеріндегі қауіпсіздік, еңбек гигиенасы және қызметкерлердің әл-ауқаты;

18) **Қауіп** – адам денсаулығына жарақат немесе өзге де зиян келтіруі мүмкін өндірістік фактор;

19) **Алдыңғы индикаторлар** – тәуекелдерді басқару жүйесінің деңгейі мен нақты салдарын бағалауға арналған, сондай-ақ осы жүйені қолдаудағы тиімділікті көрсететін индикаторлар;

20) **Ірі апаттар қаупі** – (ІАҚ, ағылш. МАН - Major Accident Hazards) – адамдардың денсаулығы мен өміріне, қоршаған ортаға, жабдыққа және/немесе компания беделіне айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін ауыр оқиғалардың ықтимал көздері. ІАҚ-қа ауыр жарақаттар, қызметкерлердің қаза болуы, қауіпті заттардың шығарылуы, үлкен өрт, жарылыс, құрылымдардың бұзылуы немесе

әдеттегі өндірістік тәуекелден асып түсетін басқа да оқиғалар орын алуы мүмкін сценарийлер жатады;

21) Қауіпсіздік бойынша мінез-құлықтық аудиттер/бақылаулар/диалогтар (МҚА/ҚМБ/ҚМД) – барлық деңгейдегі басшылар, барлық санаттағы мамандар, қызметкерлер өкілдері және ӨҚ қызметкерлері өндіріс нысандарына, жұмыс орындарына барып, қызметкерлердің іс-әрекеттерін бақылайтын, қауіпті немесе қауіпсіз жұмыс әдістерін талқылайтын және қызметкерлерді ӨҚ талаптарын белсенді сақтауға тартатын бақылау;

22) Мердігер ұйым – келісімшартқа (шартқа) сәйкес Қор ПК-ның аумағында немесе мүддесінде жұмыстарды орындайтын, қызметтер көрсететін немесе тауар-материалдық құндылықтарды жеткізетін және ӨҚ-ны қамтамасыз ету сапасына әсер етуі мүмкін заңды немесе жеке тұлға;

23) ӨҚ бойынша көрсеткіштер – ПК-ның ӨҚ саласындағы қызметін сипаттайтын көрсеткіштер;

24) Әлеуетті қауіпті оқиға (Near Miss) – жарақат пен зиян болдырмаған оқиға;

25) Проактивті құралдар (әдістер) – бұл қауіпсіздік мәдениетін арттыруға, сондай-ақ қызметкерлерге және қоршаған ортаға теріс әсерді жедел әрі нақты жою арқылы алдын алуға бағытталған тәсіл;

26) Өндірістік қауіпсіздік (ӨҚ) – еңбекті қорғау және денсаулық сақтау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, негізгі бағыттар ретінде, ал радиациялық, ядролық қауіпсіздік, электр қауіпсіздігі, тасымалдау процесінің қауіпсіздігі және т.б. жекелеген ӨҚ-нің ерекше процестері ретінде қамтитын басқару жүйесі;

27) Оқиға – ПК-ның өндірістік қызметінің нәтижесінде немесе барысында болған, еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаға, өртке, жарылысқа, апатқа, инцидентке немесе істен шығуға, жол-көлік оқиғасына немесе ПК-ның бизнесі мен беделіне әсер ететін кез келген басқа оқиғаға әкелген немесе әкелуі мүмкін кез келген жоспарланбаған оқиға;

28) Кәсіби ауру – қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындауына байланысты зиянды өндірістік факторлардың әсерінен туындаған жедел немесе созылмалы ауру.

29) Тәуекел – еңбек қызметі барысында қауіпті оқиғаның туындау ықтималдығы мен осы оқиғадан болған жарақаттың ауырлығының немесе адам денсаулығына келтірілген өзге де зиянның үйлесімі;

30) Физикалық себеп – жабдықтың істен шығуы немесе жұмыс сапасының өзгеруі, немесе жабдықтың физикалық күйі жағымсыз салдарға әкеп соғуы. Мысал ретінде келесі жағдайларды келтіруге болады: құбырдың жарылуы/ағуы, сорғының дірілдеуі, жылу датчигінің бұзылуы, пеш құбырларында күйенің түзілуі, найзағайдың резервуарға түсуі немесе электр сымдарының қысқа тұйықталуы;

31) **Адами фактор** – жағымсыз физикалық жағдайға немесе әрекетке себеп болған адамның іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі.

4-бөлім. Негізгі қағидаттар мен тәсілдер

5. ӨҚ-ні басқарудың негізгі қағидаттары:

1) **Басшылықтың көшбасшылығы** – басшылар компания мен басқарудың мақсат бірлігін қалыптастырады, ӨҚ мәселелері бойынша қағидаттарға берік екендіктерін көрсетеді, қызметкерлер компанияның мақсаттарына жетуге толығымен атсалыса алатын ішкі ортаны құрып, қолдайды;

2) **қызметкерлерді тарту** – барлық деңгейдегі қызметкерлер өндірістік үдерістің негізін құрайды, толық тарту олардың қабілеттерін қауіпсіздік мәдениетін жақсарту үшін тиімді пайдалануға мүмкіндік береді;

3) **жүйелік тәсіл** – белгіленген мақсаттарға сәйкес өзара байланысты үдерістер жүйесін анықтау, түсіну және басқару арқылы ӨҚ тиімділігі мен нәтижелілігі артады;

4) **тәуекелдерді бағалауға негізделген шешімдер қабылдау** – тиімді шешімдер деректер мен кіріс ақпаратын алдын ала талдауға негізделеді;

5) **үздіксіз жетілдіру** – қызметті жақсарту және пайда табу үшін үздіксіз жетілдіру ӨҚ-ні басқарудың тұрақты мақсаты болуы тиіс.

6. ӨҚ-ні басқару жүйесін ұйымдастыруға жауапты тұлғалар компанияның бірінші басшысына тікелей бағынатын жоғары буын басшылары болуы керек.

7. ӨҚ-ні басқару жүйесінің нәтижелі әрі тиімді жұмыс істеуі үшін заңнама талаптары мен ішкі рәсімдер бойынша әр түрлі санаттағы қызметкерлерді даярлау және аттестаттау қажет. Қызметкерлерді даярлау үздіксіз, кезең-кезеңмен жүргізілуі тиіс, жоғары буын басшыларынан бастап, бөлім қызметкерлеріне дейін жүйенің қолданылатын талаптары бойынша негізгі оқытуды қамтуы қажет.

8. Оқытумен қатар қызметкерлерді ӨҚ саласындағы мақсаттар мен міндеттер туралы үнемі ақпараттандыру және таныстыру жүргізіледі.

9. ӨҚ-ні басқару жүйесінің сапалы жұмыс істеуінің дәлелі ӨҚ-ні басқару жүйесінің жұмыс істеуі үшін қажетті процестерді сипаттайтын стандарттардың, рәсімдердің, нұсқаулықтардың және басқа құжаттардың болуы болып табылады. Рәсімдердің ауқымы мен тереңдігі өндірістердің көлемі мен түріне, процестердің күрделілігі мен өзара байланысына, қолданылатын әдістерге, сондай-ақ жұмыстарды орындауға қатысатын қызметкерлердің біліктілігі мен дайындық деңгейіне байланысты анықталады.

10. Компанияда ӨҚ-ні басқару жөніндегі қызметті ұйымдастыру үшін басқару жүйесінің процестерін, жоғары басшылықтың жауапкершілігін іске асыруды (стратегия мен мақсаттарды айқындау, компания қызметі мен ресурстарды жоспарлау), ресурстарды басқаруды (адами ресурстар, инфрақұрылым және өндірістік орта), өлшеуді, талдауды және жетілдіруді қамтитын процестік тәсіл қағидаты қолданылады.

11. ӨҚ-ні басқарудың тиімді жүйесінде үдерістер келісілген түрде орнатылып, қолдау табады:

- 1) процестерге жауапты тұлғалар тағайындалған;
- 2) оған қатысты рәсімдер мен әдістемелер құжатталған;
- 3) қажетті ресурстар анықталған, процестер үйлестірілген;
- 4) олардың өзара байланыстары анықталған;
- 5) олардың үйлесімділігі қамтамасыз етілген.

12. Жүйенің жұмыс істеуі өндірістік қызметтің ашықтығын, басқарылуын, дамуын, бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді, сондай-ақ Plan-Do-Check-Act циклі бойынша жұмыс істеуі тиіс және келесі бағыттарды қамтиды:

- 1) ӨҚ-ні басқару жүйесін жоспарлау;
- 2) ӨҚ-ні басқару жүйесінің жұмыс істеуі;
- 3) ӨҚ-ні басқару жүйесін бақылау және талдау;
- 4) ӨҚ-ні басқару жүйесін одан әрі жетілдіру.

13. Қордың ЕҚ басқару саласындағы негізгі мақсаттарына қол жеткізу үшін келесі тәсілдер белгіленеді:

1) ӨҚ саласындағы озық тәжірибелерді насихаттау, «Нөлдік жарақаттану» тұжырымдамасына адалдық таныту;

2) Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына қатаң сәйкестікте әрекет ету, үздік халықаралық тәжірибелер негізінде Қор компанияларының ішкі/жергілікті талаптарын әзірлеу және жетілдіру. Экологияға, қызметкерлердің әл-ауқатына және корпоративтік этикаға әсерді бағалауды және есеп берушілікті қоса алғанда, ӨҚ жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және жүзеге асыру кезінде ESG қағидаттарын ескеру;

3) ПК-де ӨҚ-ні басқарудың тиімді жүйесін қолдау және қызметкерлердің қатысуын арттыру мен қауіпсіздік мәдениетін жоғарылатуға ықпал ету;

4) Қордың ПК-сінде нақты өндірістік үдерістердің қауіпсіздігін арттыруға және салауатты әрі қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға бағытталған іс-шараларды әзірлеуді және қаржыландыруды қамтамасыз ету;

5) жұмыс орындарындағы еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғаудың жай-күйіне мониторинг пен бақылаудың, төтенше жағдайлардың алдын алу мен оқшаулаудың тиімді жүйелерін қолдауды қамтамасыз ету;

6) ӨҚ-ні басқару жүйесін жетілдіру және ПК, мердігерлік және аралас ұйымдардың осы корпоративтік стандартта анықталған осындай қағидаттарды

қолдануына жәрдемдесу;

7) ӨҚ деңгейін арттырудың проактивті құралдарын қолдану, атап айтқанда: қауіпті жағдайларды, қауіпті іс-әрекеттерді және Near Miss ықтимал қауіпті оқиғаларды тіркеу және тергеу, «мінез-құлық аудиттерін/бақылауларын/қауіпсіздік әңгімелесулерін» жүргізу, қауіпсіздікті бақылау/оқиғаларды тіркеу карточкаларын пайдалану, жұмыстарды орындаудың қауіпсіз емес жағдайларын тоқтату құқығын жүзеге асыру және басқалар;

8) қолданыстағы заңнамаға сәйкес өндірістік нысандар аймағында жұмыс істейтіндер мен халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің қажетті шараларын қолдану;

9) өндірістік нысандардағы апаттық және төтенше жағдайлардың қауіп деңгейін төмендету және бақылау үшін төтенше жағдайлардың алдын алу және іс-қимыл жасау жүйелерінің, жоғары қауіпті нысандарға қызмет көрсететін ұйымдардың, құрылымдардың пайдалану қызметкерлерінің техникалық жабдықталуын, құрылымын және дайындық деңгейін дамыту және жетілдіру;

10) өндірістегі оқиғаларды, соның ішінде кәсіби ауру жағдайларын, сондай-ақ нысандардың қауіпсіздігіне әсер ететін оқиғаларды есепке алу мен тергеудің бірыңғай тәртібін белгілеу;

11) ӨҚ саласында цифрлық, автоматтандырылған, ақпараттық жүйелердің қолданылуы мен жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

12) мамандардың біліктілігін арттыру – ӨҚ саласында қызметкерлердің кәсіби дағдыларын дамыту;

13) жұмыс орындарының қауіпсіздігі мен гигиенасын қамтамасыз ету;

14) қызметкерлерді басшылықпен бірлесіп ӨҚ мәселелерін шешуге тарту арқылы ынталандыру;

15) мақсаттарға жету және нақты қадамдар жасау үшін бағдарламаларды әзірлеу және орындау;

16) компания қызметіне қатысты қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына басымдық беру арқылы қызметкерлердің денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету;

17) ӨҚ саласындағы оқиғалар, қауіпті жағдайлар, қауіпті іс-әрекеттер және ықтимал қауіпті оқиғалар (Near Miss) туралы қызметкерлердің ашық айтуын көтермелеу және еркін пікір білдіру мәдениетін дамыту.

14. Жоғарыда аталған тәсілдерді қолдану ең төменгі талап және ПК басшылығының шешімімен кеңейтілуі мүмкін. Бұл тәсілдер ӨҚ-ні басқару жүйесінің тиімділігін арттыру үшін қажет, сол арқылы қауіпсіздік мәдениетін сапалы түрде жақсартуға, жарақаттану мен апат жағдайларын азайтуға қол жеткізуге болады.

5-бөлім. Бизнес процестер

15. Өндірістік қауіпсіздікті басқару процестері мыналарға негізделеді:

1) өндірістік қауіпсіздік.

Сипаттамасы: жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығын сақтауды өндірістік қызмет нәтижелерінен жоғары қою және оның басымдылығын қамтамасыз ету. Бұл қағидат басшылықтың өндірістік қауіпсіздік саласындағы саясатын жүргізуді көздейді, ол салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауды, қауіпсіз технологияларды енгізуді, жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарын пайдалануды ынталандырады, сондай-ақ өндірістік қауіпсіздік шараларын бірінші кезекте қаржыландыруға қатысуды қамтиды.

Құндылығы: бұл қағидатты қолдану өндірістік қауіпсіздік мәселелерінің маңыздылығын арттыруға және өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы сөз болғанда экономикалық пайда бірінші орында тұрмайтын көзқарасты қалыптастыруға мүмкіндік береді.

2) Қордың барлық өндірістік компаниялары үшін өндірістік қауіпсіздік бойынша бірыңғай талаптарды біріздендіру және белгілеу.

Сипаттамасы: өндірістік қауіпсіздік бойынша қызметті басқару, оның ішінде талаптардың сақталуын қадағалау мен бақылау, сонымен қатар бірыңғай басқару жүйесі үшін озық автоматтандырылған/цифрландырылған технологияларды қолдану. Бұл қағидат өндірістік қауіпсіздік тәсілдерін стандарттауға, барлық басқару рәсімдері мен есептілікті оңтайландыруға, Қордың барлық компанияларынан алынатын ақпараттың ашықтығы мен салыстырмалылығына кепілдік беруге негізделген.

Құндылығы: біріздендірілген, автоматтандырылған/цифрландырылған тәсілді қолдану жедел шешім қабылдауға, өндірістік қауіпсіздік саласындағы барлық іс-шараларды үйлестіру мен бақылауға жұмсалатын қаражатты үнемдеуге мүмкіндік береді.

3) қызметті ұйымдастыру мен жоспарлаудың тәуекелге негізделген тәсілі.

Сипаттамасы: Рұқсат етілген тәуекел шамасын басқару және бақылау арқылы жарылыс қауіпсіздігіне қол жеткізуге ұмтылады. Бұл қағидат техникалық, экономикалық және технологиялық мүмкіндіктер бойынша қол жеткізуге болатын тәуекелдің ең төменгі шамасын қабылдауға негізделген. Қабылданатын тәуекел шамасы өндіріс саласының түріне, кәсіпке және оны анықтайтын теріс фактордың түріне байланысты болады.

Құндылығы: Экономикалық мүмкіндіктерді ескере отырып, тәуекелге бағдарланған тәсілді қолдану техникалық жүйелердің қауіпсіздігін арттыруға, қолайлы тәуекел шамасын төмендетуге және өндірістік қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қолайлы тәуекел деңгейіне өндірістің техникалық, технологиялық және әлеуметтік салаларына салынатын инвестициялар шығынын оңтайландыру нәтижесінде қол жеткізіледі.

4) Жұмыскерлердің еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғау жай-күйі туралы хабардар болуы.

Сипаттамасы: Жұмыскерлерге уақтылы кері байланыс беру, олардың хабардарлық деңгейін арттыру және қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру арқылы оларды тарту нәтижесінде оң әсерге, тәртіпке және жұмыскерлердің көңіл-күйіне ықпал етуге қол жеткізу қажет. Бұл қағидат еңбек жағдайларын жақсарту жөніндегі озық отандық және шетелдік тәжірибені тарату мен өндірістегі жазатайым оқиғаларды қоса алғанда, оқыс оқиғалар туралы ақпаратты талдауға негізделеді.

Құндылық: қызметкерлердің адалдығын арттыру, еңбек өнімділігі мен сапасын жоғарылату, қауіпсіздік мәдениетін көтеру. Әрбір жұмыскердің ӨҚ бойынша іс-шараларды жүзеге асыруға және қауіп-қатерлер мен тәуекелдерді үздіксіз анықтау және жою жүйесіне тартылуы.

5) ӨҚ жоспарлы көрсеткіштерін тұрақты жоспарлау және бақылау.

Сипаттамасы: Корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік пен мақсаттарға қол жеткізу, Қор компанияларында барлық деңгейдегі ӨҚ көрсеткіштерін бағалау және бақылау арқылы өндірістік тиімділікті арттыру.

Бұл қағидат ӨҚ саласында қызметкерлердің бұзушылықтары мен қауіпті мінез-құлқын алдын ала жоспарлау және азайту, ӨҚ саласындағы саясатқа адалдық таныту, сондай-ақ заңнамаға сәйкестік, басқарудың белсенді әдістері және шешімдерді қабылдау мен орындауды бақылаудың жоғары жылдамдығы арқылы үздіксіз жетілдіруді қамтамасыз етуге негізделеді.

Құндылық: жоспарлау кезінде қолданылған ұйымдастырушылық және техникалық шаралар кешенінің тиімділігін, салынған қаражаттың барынша қайтарымы мен өтелімділігі арқылы арттыру.

6) қолданыстағы талаптарға сәйкестікті қамтамасыз ету.

Сипаттамасы: Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын стандарттарға, техникалық және нормативтік-құқықтық актілерге сәйкессіздік тәуекелдерін төмендету.

Бұл қағидат заңнаманың өзгеруі кезінде бизнес-үдерістердің сәйкестігіне және бейімделуіне қол жеткізуге негізделген.

Құндылық: сәйкестік деңгейін арттыру, тәуекелдер мен айыппұл санкцияларының туындау ықтималдығын азайту, оқыс оқиғалардың орын алу қаупін төмендету.

7) ақпараттың толықтығын, ашықтығын және шынайылығын қамтамасыз ету.

Сипаттамасы: ақпараттың толықтығы мен шынайылығы үшін жауапты тұлғаны тағайындау арқылы, ұсынылатын мәліметтердің ашықтығын қамтамасыз ету, соның ішінде цифрлық технологияларды қолдану.

Бұл қағидат басшылық пен қызметкерлердің хабардарлық деңгейін арттыруға негізделген, ол жедел шешімдер қабылдау үшін ақпаратты ыңғайлы

түрде жылдам ұсыну арқылы жүзеге асады.

Құндылығы: үдерістерді басқарудың тиімділігін арттыру.

6-бөлім. Процестің сипаттамасы

16. ӨҚ әдіснамалық басқару жүйесі Қазақстан Республикасында қолдануға ұсынылатын ISO 45001, ISO 31010 және т.б. сияқты халықаралық стандарттар қағидаттарына негізделген және мемлекеттік, салалық және жергілікті талаптарды қолдана отырып, ӨҚ саласындағы қызметті жүргізуге мүмкіндік береді.

17. ӨҚ процестеріне басқару жүйесін жоспарлау, басқару жүйесінің жұмыс істеуі, басқару жүйесінің мониторингі, басқару жүйесінің тиімділігін талдау, оның ішінде нормативтік талаптарды қадағалау, өндірістік бақылау, тексеру және қызметтің қолданылатын талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ететін басқа да процестер жатады.

ӨҚ-ні басқару жүйесін жоспарлау

18. ӨҚ бойынша қызмет:

- 1) ӨҚ саласындағы саясатты қалыптастыру және ӨҚ саласындағы мақсаттарды әзірлеу;
- 2) тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау;
- 3) ӨҚ саласындағы заңнамалық және басқа да қолданылатын талаптарды сәйкестендіру;
- 4) ӨҚ саласындағы іс-шараларды әзірлеу арқылы жоспарланады.

Басшылықтың жауапкершілігі

19. Басшылық өз көшбасшылығын растау және ӨҚ-ні басқару жүйесінің жұмыс істеуінің нәтижелілігі мен тиімділігін қамтамасыз ету үшін:

- 1) көшбасшылық – жарақаттанудың және денсаулық жағдайының нашарлауының алдын алу, сондай-ақ қауіпсіз әрі денсаулыққа қолайлы жұмыс орындары мен қызмет түрлерін ұсыну үшін жалпы жауапкершілікті өзіне жүктеу;
- 2) компанияның миссиясын, пайымын, құндылықтарын және стратегиялық мақсаттарын әзірлеу;
- 3) ӨҚ саласындағы саясат пен мақсаттарды әзірлеу және оларды мерзімді түрде бақылау, талқылау және түзетулер енгізу;
- 4) қойылған мақсаттар мен міндеттерді жалпыға бірдей түсінуге және қолдауға қол жеткізе отырып, ӨҚ саласындағы саясат пен мақсаттарды әрбір қызметкерге жеткізу;

5) ӨҚ саласындағы талаптарды орындаудың маңыздылығын әрбір қызметкердің жеке жауапкершілігі ретінде персоналға жеткізу;

6) ӨҚ-ні басқару жүйесін жұмыс күйінде ұстап тұру үшін қажетті ұйымдық құрылым мен ресурстарды қамтамасыз ету;

7) ӨҚ-ні басқару жүйесін құру, енгізу және дамыту бойынша жұмыстарды уақтылы қаржыландыруды қамтамасыз ету;

8) басшылық тарапынан ӨҚ-ні басқару жүйесіне талдау жүргізу және оны жақсарту бойынша іс-шаралар өткізу;

9) жұмыскерлерді ӨҚ үдерістері мен рәсімдерін басқару процесіне тартуға ықпал ететін орта құру;

10) ұйымды басқарудың барлық деңгейлеріндегі қызметкерлерді үнемі оқыту, олардың біліктілігі мен іскерлік қасиеттерін арттыру;

11) қызметкерлердің ынтасын арттыру;

12) ӨҚ-ні басқару жүйесінің нәтижелі және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету және оны үнемі жетілдіру міндеттемелерін өзіне алады.

20. Барлық деңгейдегі басшылар өз құзыреті шегінде ӨҚ саласындағы мақсаттарға қол жеткізу және міндеттерді орындау үдерісіне қызметкерлерді басқаруға және тартуға жауапты. Бұл келесі тәсілдермен жүзеге асырылады:

1) басшылар өздерінің жеке үлгісімен ӨҚ мәселелеріне бейілділігін көрсетіп, мінез-құлықтың үлгісі болады, қызметкерлердің ӨҚ мәселелеріне оң көзқарасын қалыптастырып, ынталандырады;

2) басшы қызметкерлермен ашық әрі тиімді өзара әрекеттестікті қолдайды;

3) әрбір басшы оқу және тәжірибелік жұмыс барысында ӨҚ саласындағы дағдылары мен білімін жетілдіреді;

4) басшылар қызметкерлермен, мердігер ұйымдармен және басқа да тұлғалармен ӨҚ мәселелері бойынша ақпарат алмасуды қамтамасыз етеді, оның ішінде кеңестер өткізу, жұмыс орындарында ӨҚ-ні басқару жүйесінің талаптарын сақтауды тұрақты бақылау, қызметкерлермен ӨҚ мәселелерін ашық талқылау арқылы;

5) басшылар ӨҚ саласындағы нақты мақсаттар мен міндеттерді тұжырымдайды, міндеттер мен жауапкершілік аясын бөледі, орындау өлшемдерін анықтайды, қажетті ресурстарды бөледі;

6) ӨҚ саласындағы басшылардың қызметі олардың осы саладағы жылдық нысаналы көрсеткіштерді орындауы негізінде бағаланады;

7) басшылар ӨҚ саласындағы тәжірибені таратуға ықпал етеді, ӨҚ үдерістеріне қолдау көрсетеді;

8) басшылар өздері басқаратын бөлімшелерде ӨҚ саласындағы тәуекелдерді басқару үдерісін ұйымдастыруға жауапты болады;

9) басшылар жұмыскерлер мен айналасындағы адамдарға қауіп төнген жағдайда, кез келген жұмыскердің жұмысты тоқтатуды талап етуіне мүмкіндік беретін жұмыс жағдайларын қалыптастырады;

10) басшылар өндірістік қауіпсіздіктің қолданыстағы тәжірибелері мен рәсімдерін үнемі жетілдіруді қамтамасыз етеді.

Саясатты қалыптастыру және мақсаттарды әзірлеу

21. Компаниядағы ӨҚ-ні басқару жүйесі шаруашылық және коммерциялық қызметті заңды әрі әлеуметтік жауапкершілікпен жүргізу негізінде мақсаттарды әзірлей отырып, ӨҚ саласындағы Компания саясатын жасауды және жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

22. ӨҚ саласындағы саясат компанияның стратегиялық мақсаттарының тең құқылы және үйлесімді бөлігі.

23. Саясатты басқару рәсімі мыналарды қамтиды: Саясатты әзірлеу, келісу, бекіту, қызметкерлерге жеткізу, жаңарту, талдау және қажет болған жағдайда өзгерістер енгізу.

24. Жоғары басшылық барлық деңгейде Саясатты түсінуді, іске асыруды және қолдауды қамтамасыз етеді.

25. Саясатты жүзеге асыру мақсаттарды, міндеттерді және жұмыстарды орындау рәсімдерін, жауапкершілік пен өкілеттіктерді бөлуді, ресурстарды бөлуді, соның ішінде білікті қызметкерлермен қамтамасыз етуді, ұйым үдерістерінің тұрақты бақылауын және жүйенің жалпы жұмысына талдау жүргізуді белгілейтін ӨҚ-ні басқару жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

26. Саясаттың өзектілігіне, тұрақты жарамдылығына және мақсаттарға сәйкестігіне талдау жыл сайын, сондай-ақ стратегиялық мақсаттар өзгерген кезде жүргізіледі.

ӨҚ саласындағы мақсаттар

27. ӨҚ-ні басқару жүйесінің құрылымын құрудың мақсаттарды нәтижелі қоюды қамтамасыз ететін негізгі талаптары:

1) тәуекелдерді анықтауға және оларды тиімді бақылауға бағытталған ӨҚ-ні басқарудың жүйелі тәсілін қолдану;

2) ӨҚ саласындағы озық тәжірибелерді ілгерілету;

3) жарақаттануды төмендетудің алдын алу құралдарын қолдану;

4) қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ салауатты өмір салтын насихаттауға;

5) компанияның тұрақты дамуының факторы ретінде ӨҚ-нің сақталуын қамтамасыз етуге;

6) ӨҚ-ні басқару бойынша озық цифрлық технологияларды енгізуге;

7) барлық деңгейдегі функцияларды нақты бөлуге;

8) басқарудың барлық буындарының тікелей және кері байланысын жүзеге асыруға;

9) біліктілікті арттыруға - кәсіби дағдыларды дамытуға.

28. Мақсаттар, міндеттер және оларды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар ӨҚ саласындағы саясат талаптары, анықталған және бағаланған қауіптер мен

тәуекелдер, сондай-ақ бөлінген ресурстарды ескере отырып, бөлімше басшыларының ұсыныстары негізінде қалыптастырылады. Бұл ретте мүдделі тараптардың (қызметкерлердің, мердігерлердің, клиенттердің және ұқсас қызметпен айналысатын компаниялардың) пікірлері де ескеріледі.

29. ӨҚ саласындағы саясатқа сәйкес және ӨҚ жүйесінің жұмыс істеуінің бастапқы немесе кейінгі талдаулары негізінде ӨҚ-нің өлшенетін мақсаттарын белгілеу қажет. Олар мынадай болуы тиіс:

1) ұйымға тән, сондай-ақ оның көлемі мен қызмет сипатына сәйкес келетін және қолайлы;

2) тиісті және қолданылатын ұлттық заңдар мен ережелердің талаптарына, сондай-ақ ұйымның ӨҚ-ге қатысты техникалық және коммерциялық міндеттемелеріне сәйкес;

3) қорғаныс шараларын үздіксіз жетілдіруге және «Нөлдік жарақаттануға» қол жеткізуге бағытталған;

4) шынайы әрі қол жеткізуге болатын;

5) құжатталған және ӨҚ-нің барлық тиісті функционалдық құрылымдары мен деңгейлеріне жеткізілген;

6) мерзімді түрде бағаланып, қажет болған жағдайда жаңартылып отыратын.

30. Жыл сайын Қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленеді, онда қауіпсіздік мәдениетін арттыру және қауіпсіз жұмыстарды орындау үшін белгіленген міндеттер нақтыланады.

31. Міндеттердің орындалуы туралы есеп Іс-шаралар жоспарында белгіленген мерзімде жолданады.

31-1. Іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы ақпаратты ай сайын немесе тоқсанына 1 рет (Қордың шешімі бойынша) Қордың портфельдік компанияларының жауапты тұлғалары Samruk App цифрлық платформасына енгізеді.

31-2. Қордың еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік секторының мамандары ай сайын немесе тоқсанына 1 рет (Қордың шешімі бойынша) Samruk App цифрлық платформасы арқылы Жоспар іс-шараларының орындалу барысына мониторинг жүргізеді.

32. ӨҚ саласындағы мақсаттарға қол жеткізу және қойылған міндеттерді орындау үнемі, бірақ тоқсанына кемінде бір рет басшылық тарапынан бақыланып, талданып отырады.

33. Басшылық тарапынан талдау жүргізу кезінде:

1) орындалу мерзімі;

2) орындалу сапасы;

3) орындалу барысы;

4) қажет болған жағдайда қаржыландырудың жеткіліктілігі мәселелеріне баса назар аудару қажет.

ӨҚ саласындағы тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау

34. ӨҚ саласындағы тәуекелдерді анықтау – ПК қызметінің өндірістік қауіпсіздікке өткен, қазіргі және болуы мүмкін әсерін айқындайтын үздіксіз процесс. Жоспарлау кезінде ПК-ның барлық қызмет түрлері, сондай-ақ мердігерлік ұйымдар мен басқа да серіктестер жасалған келісімшарттарға сәйкес орындайтын операциялар, жекелеген жұмыс/қызмет түрлерін орындау кезіндегі ӨҚ талаптарын ескере отырып қарастырылады.

35. Өндірістік операцияларды жүйелі тексеру барысында қауіп көздерін анықтау жұмысшылардың өмірі мен денсаулығына, өндірістік нысандар мен жабдықтарға төнетін қатерлерді айқындауға мүмкіндік береді.

36. ӨҚ саласындағы тәуекелдердің басымдығын анықтау оларды бағалау нәтижелерін, сондай-ақ адамдардың денсаулығына, жабдықтың жай-күйіне, компанияның беделі мен қызметіне әсерін ескере отырып жүзеге асырылады.

37. Қауіп көздерін сәйкестендіру, тәуекелдерді бағалау және басымдықтарын анықтау нәтижелерін жүйелі түрде қайта қарауды жоспарлау қажет.

38. Тәуекелдерді басқару ӨҚ саласында келесі мақсаттарға жетуге мүмкіндік береді:

- 1) шешім қабылдау және жоспарлау үшін неғұрлым толық, дәл және дұрыс негіз құру;
 - 2) қауіптер мен ықтимал қатерлерді барынша сенімді анықтауды қамтамасыз ету;
 - 3) ӨҚ-ге әсер ететін процестердің белгісіздігі мен өзгергіштігін бағалау;
 - 4) қауіпті оқиғалардың көздерін алдын ала жою;
 - 5) ресурстарды тиімдірек бөлу және пайдалану;
 - 6) ықтимал қауіпті оқиғаларды басқаруды жетілдіру;
 - 7) заңнамалық және басқа да қолданылатын талаптарға сәйкестікті қамтамасыз ету;
 - 8) ӨҚ-ні басқару жүйесін жетілдіру;
 - 9) ӨҚ деңгейін арттыру.
39. Тәуекелдерді басқару кезеңдері мынадай бөлімдерге бөлінеді:
- 1) қауіп-қатерлерді анықтау (сәйкестендіру);
 - 2) тәуекелдерді бағалау;
 - 3) тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар әзірлеу;
 - 4) әзірленген іс-шараларды жүзеге асыру;
 - 5) іс-шаралардың орындалуын бақылау.

Қауіпті анықтау (сәйкестендіру)

40. Қауіптерді анықтаудың ақпарат көздері (негіздері) мыналар:

- 1) Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік-құқықтық және техникалық актілер, стандарттар, сондай-ақ ӨҚ-нің ішкі

нормативтік құжаттары;

2) Қазақстан Республикасының қадағалау және бақылау мемлекеттік органдарының тексеру нәтижелері;

3) ӨҚ бойынша өндірістік бақылау нәтижелері;

4) еңбек жағдайлары бойынша өндірістік нысандарды аттестаттау нәтижелері;

5) технологиялық үдеріс, өндірістік орта, жұмыс орны, мердігер ұйымдардың жұмысы, сыртқы факторлар бойынша бақылау нәтижелері;

6) сауалнамалар мен сұрау парақтарын талдау нәтижелері;

7) өндірістік қауіпсіздік жағдайына жүргізілген аудит нәтижелері;

8) тәуекелдерді бағалау тізілімдері;

9) проактивті құралдар (қауіпсіздікке қатысты мінез-құлық аудиттері, ықтимал қауіпті оқиғаларды, ұсақ жарақаттарды және т.б. анықтау және есепке алу);

10) жарақаттану мен оқыс оқиғалардың статистикалық деректері және оларды талдау;

11) ӨҚ-да немесе ұқсас қызмет салаларында орын алған оқиғалар мен жазатайым оқиғалардың мән-жайлары.

41. Бақылау шараларының иерархиясына сәйкес ӨҚ саласындағы қауіп көздері (олардың нәтижелілігін азайту ретімен) мынадай әрекеттерге жатады:

1) жою;

2) ауыстыру;

3) басқару;

4) бақылау;

5) жеке және ұжымдық қорғану құралдарымен қамтамасыз ету.

Тәуекелді бағалау

42. Тәуекелдерді бағалау дегеніміз – бұрын анықталған қауіптер бойынша туындайтын тәуекелдердің көлемі мен маңыздылығын айқындау. Тәуекелді бағалау ықтималдық (жиілік) сипаттамалары мен ауырлық дәрежесінің көрсеткіштерін белгілеуді қамтиды. Тәуекелдерді бағалау – ең тиімді алдын алу шарасы. Тәуекелдерді бағалау кезінде бұрын орын алған жағымсыз оқиғалар мен жазатайым оқиғалар ғана емес, сонымен қатар әлі де жағымсыз салдарларға әкелмеген қауіптер де ескеріледі.

43. Тәуекелдерді бағалау – үздіксіз әрі жүйелі үдеріс, ол қауіптерді олар жазатайым оқиғаға немесе басқа да зиянға әкелгенге дейін анықтауға мүмкіндік береді.

44. Тәуекелдерді бағалау негізінде қауіпсіздік деңгейін арттыру үшін негізделген шешімдер қабылдауға болады. Тәуекелдерді бағалау шынымен де жақсартуларға әкелуі үшін алынған мәліметтер негізінде басым іс-шараларды анықтау қажет. Ең тиімді шаралар – аса айқын қауіптерді толығымен жою

жөніндегі шаралар. Жоспарланған шаралар нақты әрі орындалуға келетін болуы тиіс.

45. Тәуекелдерді бағалау компанияларда қалыптасқан үдеріске сәйкес тәуекелдер матрицасы бойынша жүзеге асырылады.

46. Тәуекелдерді бағалау нәтижелері мен тәуекелдерді басқару бойынша әзірленген іс-шаралар ӨҚ саласындағы жұмыс жоспарларын құру кезінде бастапқы деректер ретінде пайдаланылады.

47. Тәуекелдерді бағалау үдерісінің басты мақсаты – қызметкерлерге, нысанға, қоршаған ортаға немесе ПК беделіне зиян келтіруі мүмкін нәрселерді егжей-тегжейлі зерттеу. Бұл зерттеу басқару шараларының жеткіліктілігін бағалауға және ықтимал жағымсыз салдардың алдын алу үшін нақты не істеу керектігін анықтауға мүмкіндік беретіндей жүргізілуі тиіс.

47-1. Тәуекелді бағалаудың бірыңғай әдістемесі

Қор Тобының барлық бөлімшелері мен ұйымдарында тәуекелдерді талдау тәсілдерінің салыстырмалылығын, ашықтығын және басқарылуын қамтамасыз ету үшін өндірістік қауіпсіздік саласындағы тәуекелдерді бағалаудың бірыңғай корпоративтік әдіснамалық тәсілін әзірлеу, бекіту және қолдану қажет.

Әдістеме:

- салдарлардың ауырлық шкаласын (санаттар бойынша: қызметкерлердің денсаулығы мен өмірі, жабдықтар мен инфрақұрылым, қоршаған орта, бедел және іскерлік тұрақтылық);

- оқиғалардың туындау ықтималдығы немесе жиілігі шкаласын;

- тәуекелдер матрицасы түріндегі графикалық бейнелеуді қоса алғанда, тәуекел деңгейлерінің жіктелімін (жоғары, орташа, төмен);

- тәуекелдің қолайлылық өлшемдері және қажетті әрекеттерін (мысалы, тәуекелді қабылдау, түзету шаралары, жұмысты тоқтата тұру);

- тәуекелдерді бағалауды құжаттау үдерісін, жазбалардың құрамы мен рәсімделуіне қойылатын талаптарды, сондай-ақ бұрын жүргізілген бағалауды қайта қарау тәртібін сипаттауды (оқиғалар, өзгерістер, аудиттер және т.б. нәтижелері бойынша) қамтуы тиіс.

Бұл әдістеме міндетті түрде:

- ӨҚ жүйесінің жұмыс істеуі аясында тәуекелдерді анықтау және бағалау кезінде;

- өзгерістерді басқару үдерісін жүзеге асыру барысында;

- тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеу кезінде;

- АҚО-да жобаларды жоспарлау және іске асыру барысында келесі жағдайларда қолданылуы тиіс.

47.2 Негізгі тәуекел сценарийлерін қалыптастыру

Ықтимал салдары жоғары тәуекелдерді жүйелі басқару үшін, сондай-ақ төтенше жағдайларға ден қоюды жоспарлау, қауіптерді талдау және қауіпсіздік шараларын инвестициялық қамтамасыз ету үдерістерін қолдау мақсатында,

ұйымдар қалдық тәуекелі жоғары барлық нысандар үшін негізгі тәуекел сценарийлерін әзірлеуге және оларды өзекті күйде ұстап тұруға міндетті.

Әрбір сценарий:

- анықталған қауіп және оның пайда болу көзін (мысалы, зат, энергия, операциялық қате);
- ықтимал бастапқы оқиғалар мен шиеленісу факторларын;
- технологиялық тізбектер мен жүйелерді қоса алғанда, зардап шеккен жабдық немесе учаскені;
- әсер ету аймақтарын (қызметкерлер, инфрақұрылым, қоршаған орта, бедел);
- қолданыстағы қорғаныс тосқауылдарын (техникалық, ұйымдастырушылық) және олардың сенімділігін бағалауды;
- тосқауылдардың істен шығуы кезіндегі ықтимал салдарлардың сипаттамасын қамтуы тиіс (соның ішінде қирау, жарақаттану, шығарындылар, өндірістің тоқтауы және т.б.).

Сценарий форматына қойылатын талаптар:

- құжаттың бірыңғай үлгісі (шаблон бойынша);
- бірегей сәйкестендіргіш беру және оны нысан мен жабдыққа байланыстыру;
- сценарийлерді HAZOP, LOPA, АОЖ, МОС және инвестициялық жоспарлау жүйелерімен кіріктіру.

Сценарийлер кемінде 3 жылда бір рет немесе мынадай жағдайлар орын алған кезде қайта қаралуы тиіс:

- МОС бойынша өзгерістерді енгізу;
- апат, оқыс оқиға немесе елеулі Near Miss;
- жабдықты пайдаланудан шығару/пайдалануға енгізу;
- қорғаныс тосқауылдарының тиімділігі туралы жаңа деректердің пайда болуы.

47-3. Қорғаныс тосқауылдарының жеткіліктілігі мен сенімділігін бағалау

Маңызды тәуекелдерді талдау және тәуекелдің негізгі сценарийлерін қалыптастыру кезінде ұйым қауіпті оқиғалардың алдын алуды және/немесе салдарын жеңілдетуді қамтамасыз ететін қолданыстағы қорғаныс тосқауылдарының жеткіліктілігі мен сенімділігіне баға беруге міндетті.

Тәсіл:

- қарастырылып отырған сценарий аясында барлық қолданыстағы тосқауылдарды анықтау;
- тосқауылдарды жіктеу: техникалық (инженерлік), рәсімдік (әкімшілік), мінез-құлықтық (қызметкерлердің іс-әрекетіне байланысты);
- тосқауылдардың тәуелсіздігін бағалау (IEC/LOPA-үйлесімді қағидат): тосқауылдар бір бастаушы оқиғаға немесе істен шығу арнасына тәуелді болмауы керек;

- тосқауылдардың сенімділігін бағалау (мысалы, талап бойынша істен шығу ықтималдығы - PFD_{avg} , әрекет ету уақыты, қолдау/қызмет көрсету);
- барлық қолданыстағы тосқауылдарды қолданғаннан кейінгі қалдық тәуекелді есептеуді қамтуы керек.

Аталған тәсіл:

- тәуекелдің негізгі сценарийлерін әзірлеу және жаңарту кезінде;
- маңызды өзгерістерді басқару кезінде (МОС);
- тиімсіз немесе істен шыққан қорғанысы бар оқыс оқиғаларды талдау кезінде;
- қауіпсіздік деңгейін арттыру бойынша инвестициялық жоспарларды қалыптастыру және CAPEX/OPEX шараларын негіздеу кезінде қолданылады.

Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды әзірлеу

48. Іс-шараларды әзірлеу кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, нақты тәуекел мен қатерге қолданылатын ішкі құжаттарды басшылыққа алу қажет.

49. Тәуекелдерді басқару бойынша әзірленетін іс-шаралар уақытша, қаржылық, еңбек, техникалық, құқықтық және ұйымдастырушылық шектеулерді ескере отырып орындалуы тиіс.

50. Іс-шаралар тізбесіне бағынышты іс-шаралар кіреді, олардың әрқайсысы үшін мыналар келтіріледі:

- 1) тәуекелдің атауы;
- 2) объект (материал, жабдық бірлігі, техникалық орын және т.б.);
- 3) заңнамалық және нормативтік талаптар;
- 4) басқару құралдары (тәуекелдерді төмендету жөніндегі іс-шаралар);
- 5) ресурстар;
- 6) жауапты;
- 7) орындау мерзімдері;
- 8) орындалғандығы туралы белгі.

Әзірленген іс-шараларды орындау

51. Әзірленген іс-шараларды орындау тәуекелдерді төмендету үшін қажет.

52. Іс-шаралардың орындалуын бақылауды іс-шараны іске асыруға жауапты тағайындалған адам жүзеге асырады.

53. Орындау кезінде тәуекелді төмендету бойынша орындалған шаралардың тиімділігін бағалай отырып, проблеманы тұтастай түсіну қажет.

54. Іс-шараларды орындау тәуекелді төмендету үшін қолда бар ресурстармен шектелмейді.

Іс-шаралардың орындалуын бақылау

55. Бақылаудың мақсаты – орындалған іс-шараларды және жағдайдың өзгеруін бағалау.

56. Тұрақты бақылау көмегімен тәуекел деңгейлерінің өзгеруін, жаңа тәуекелдердің пайда болуын, сондай-ақ орындалған іс-шаралардың тиімділік дәрежесін байқау қажет.

57. Бақылау қажеттілігі:

- 1) тәуекел деңгейінің шамасына;
- 2) колда бар ресурстардан;
- 3) өзгерістерге, орындалған іс-шараларға байланысты.

Заңнамалық және басқа да қолданылатын талаптарды сәйкестендіру

58. Қордың ПК-лері ӨҚ бойынша өз қызметінде Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын заңнамалық талаптарды, нормативтік құжаттарды, стандарттарды, сондай-ақ ішкі нормативтік құжаттарды (бұдан әрі – ІНҚ) (технологиялық регламенттер, нұсқаулықтар, ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралар жоспарлары, бұйрықтар, өкімдер және т.б.) басшылыққа алады.

59. Компания қызметінің заңнамалық және басқа да қолданылатын талаптарға сәйкестігін бақылау үдерісі:

1) ПК қызметіне қатысты ӨҚ саласындағы заңнамалық және басқа да талаптарды анықтау және тіркеу;

2) ӨҚ саласындағы қолданыстағы заңнама талаптары мен нормативтік құжаттардағы өзгерістерді, сондай-ақ жаңа талаптардың пайда болуын қадағалау;

3) ПК қызметкерлерінің ӨҚ саласындағы заңнамалық және басқа да талаптарға қолжетімділігін қамтамасыз ету;

4) ӨҚ бойынша компания қызметінің заңнамалық және басқа да талаптарға сәйкестігін бағалауды қамтиды.

60. ПК қызметінің заңнамалық және өзге де құжаттар талаптарына сәйкестігін бақылау кезінде ақпараттың негізгі көздері мыналар:

1) Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік, құқықтық және техникалық актілер, стандарттар және ӨҚ саласындағы басқа да қолданылатын талаптар;

2) технологиялық регламенттер (технологиялық карталар);

3) мемлекеттік қадағалау және бақылау органдарының талаптары;

4) ӨҚ бойынша тексерулер мен іс-шараларды орындау нәтижелері;

5) компанияның қауіптері мен тәуекелдерінің тізілімдері;

6) өндірістік нысандарды аттестаттау нәтижелері және т.б.

61. ПК-ның нормативтік және құқықтық құжаттар талаптарына сәйкес келмеуі анықталған жағдайда, ӨҚ жөніндегі ПК қызметін бағалау негізінде түзету және алдын алу шаралары әзірленеді.

ӨҚ саласындағы іс-шаралар

62. Іс-шаралар – бұл жүргізілген тәуекелді бағалауға, озық тәжірибелерді енгізуге, заңнамалық талаптарға, ішкі нормативтік құжаттарға сәйкестік қажеттілігіне, сондай-ақ келіп түскен актілер мен нұсқамаларға байланысты орындалуы тиіс жоспарланған әрекеттер туралы жазбалар.

63. ӨҚ саласындағы іс-шараларды жоспарлау мыналарды қамтиды:

1) ӨҚ басқару жүйесі аясында бағдарламаларды әзірлеу, келісу және бекіту;

2) ӨҚ бойынша, оның ішінде еңбек пен денсаулықты қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі бойынша жылдық іс-шара жоспарларын әзірлеу және енгізу.

64. Жоспарлау:

1) ҚР заңнамасының талаптарына және ҚР-да ратификацияланған ӨҚ саласындағы халықаралық талаптарға;

2) ӨҚ саласындағы ПК стратегиясы мен ішкі талаптарына;

3) мемлекеттік билік органдарының заңды талаптарына;

4) жүргізілген тәуекелдерді бағалау нәтижелеріне;

5) техникалық құрылғыларға сараптама жүргізу, өндірістік нысандарды аттестаттау нәтижелеріне;

6) қоршаған ортаны бақылау нәтижелеріне;

7) оқиғалардың, ережелер мен нормалардың бұзылуының, жазатайым оқиғалар мен кәсіптік аурулардың, төтенше жағдайлардың түпкі себептерін талдауға;

8) еңбекті қорғау жағдайлары мен қызметкерлердің денсаулық жағдайын талдауға;

9) ӨҚ басқару жүйесін жетілдірудің алдыңғы бағдарламаларының орындалу қорытындыларын талдауға;

10) ӨҚ бойынша жылдық іс-шара жоспарларының орындалу қорытындыларын талдауға негізделеді.

65. Іс-шаралар жедел және жоспарлы болып бөлінеді.

66. Жедел іс-шаралар – жазатайым оқиға орын алғанда немесе аса маңызды тәуекелдер анықталған кезде әзірленетін міндеттер.

67. Жоспарлы іс-шаралар – бұл ӨҚ саласындағы бағдарламаларға немесе еңбек жағдайларын жақсарту жөніндегі жылдық жоспарларға және т.б. кіретін міндеттер.

68. Бақылау шаралары аясындағы іс-шаралар мынадай түрлерге бөлінеді:

1) ұйымдастырушылық іс-шаралар, оларға мыналар жатады:

- ӨҚ саласындағы тәуекелдермен байланысты операцияларды тікелей орындайтын немесе осындай операцияларды басқаратын қызметкерлердің жауапкершілігі мен өкілеттіктерін бөлу;

- қызметкерлерді ӨҚ саласындағы тәуекелдерді басқару шараларына оқыту және басқалар;

- ӨҚ саласындағы тәуекелдермен байланысты операцияларды орындаудың белгіленген өлшемдері бар рәсімдерді (оның ішінде құжатталған) әзірлеу;

- төтенше жағдайларда әрекет ету рәсімдерін әзірлеу және енгізу;

- ӨҚ саласында аудит жүргізу;

- және басқалар.

2) техникалық іс-шаралар, оларға мыналар жатады:

- қауіпті технологияларды немесе қауіпті заттарды қауіпсіздеріне ауыстыру;

- қауіпсіз технологияларды жобалау және енгізу;

- құбырларды, өндірістік нысандар мен жабдықтарды тежеу және қорғаудың басқа да тәсілдері;

- заманауи көлік құралдарын пайдалану;

- ұжымдық қорғаныс құралдары мен ЕҚ және қызметкерлердің қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ететін жабдықтарды пайдалану;

- жабдықтар мен техникалық құрылғылардың тұтастығын және өнеркәсіптік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, шығарындыларды, төгінділерді азайтуға, қалдықтардың түзілуін азайтуға және кәдеге жаратуға бағытталған техникалық және технологиялық іс-шаралар;

- жабдықтарды алдын ала және жоспарлы тексеру мен жөндеу;

- және басқалар;

69. ӨҚ саласындағы тәуекелдерді төмендету жөніндегі іс-шараларды жоспарлау кезінде мынадай факторлар ескеріледі:

- 1) тәуекелді төмендету шараларының техникалық орындалуы;

- 2) тәуекелді төмендетудің күтілетін деңгейі;

- 3) іс-шараларды жүзеге асыруға байланысты шығындар.

70. ӨҚ саласындағы іс-шараларды жоспарлау кезінде проактивті құралдарды қолдану бойынша нысаналы көрсеткіштер белгіленуі тиіс.

71. Іс-шараларды жоспарлаудың негізгі атрибуттары мыналар:

- 1) атауы;

- 2) нысан (материал, жабдық бірлігі, техникалық орын, құжат және т.б.);

- 3) ресурстар;

- 4) жауапты тұлға;

- 5) күтілетін нәтиже;

- 6) орындау мерзімі;

- 7) орындалғаны туралы белгі.

72. ПК-да жыл сайын ӨҚ қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарлары әзірленеді. Аталған жылдық іс-шаралар жоспарлары жоспарланған жылдың басталуына дейін және қолданыстағы қаржылық жоспарлау жүйесіне

сәйкес әзірленеді. ӨҚ қамтамасыз ету бойынша мақсатты іс-шаралар жоспарларын әзірлеуге ӨҚ-ні басқару үдерісімен байланысты барлық бөлімшелер қатысуы тиіс.

73. ӨҚ-ні қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруды қамтамасыз ететін шығыстардың болжамды көлемі алдағы және келесі жылдарға арналған ПК бюджетінің жобасына енгізіледі.

6.2 ӨҚ-ні басқару жүйесінің жұмыс істеуі

ӨҚ мәселелері бойынша оқыту. Персоналды ынталандыру және көтермелеу

74. ӨҚ-ні басқару жүйесі ПК қызметкерлерінің тиісті білімі, кәсіби дайындығы, дағдылары мен тәжірибесі негізінде олардың тиісті құзыреттілігін қамтамасыз етуді көздейді.

75. Оқыту процесін басқару және қызметкерлердің құзыреттіліктерін дамыту мақсатында ӨҚ саласындағы тәуекелдерді басқаруға, заңнамалық талаптарға және үздік әлемдік тәжірибелерге байланысты қажетті құзыреттерді және кейінгі оқыту қажеттілігін анықтау керек.

76. Қызметкерлердің құзыреттілігін дайындауға және қолдауға байланысты қызмет:

- 1) қызметкерлердің құзыреттілігіне қойылатын талаптарды белгілеуді;
- 2) бекітілген ұйымдық құрылым мен штаттық кестеге сәйкес кадрларды іріктеу және орналастыруды;
- 3) келесі факторларды ескере отырып, бөлім басшыларының өтінімдері негізінде қызметкерлердің құзыреттілігін арттыру қажеттілігін анықтауды:
 - міндетті заңнамалық талаптар;
 - мемлекеттік органдардың бақылауындағы/қадағалауындағы мамандықтар мен лауазымдар бойынша аттестаттау мерзімінің аяқталуы;
 - ӨҚ процестері аясында функцияларды өзгерту, жаңа ережелер мен басқа да талаптарды енгізу;
 - жаңа техника мен технологияны енгізу, сыртқы және ішкі аудит нәтижелері және т.б.;
- 4) анықталған сәйкессіздіктер, бұзушылықтар, қауіпті іс-әрекеттер, қауіпті жағдайлар бойынша тәуекелді бағалау және ақпаратты талдауды;
- 5) құзыреттілікті арттыруды жоспарлауды;
- 6) қызметкерлердің өз қызметінің рөлі мен маңыздылығы, ӨҚ саласындағы мақсаттарға қол жеткізу тәсілдері туралы хабардар болуын қамтамасыз етуді;
- 7) талап етілген құзыреттілікке жету үшін қабылданған шаралардың нәтижелілігін талдау және бағалауды;
- 8) ӨҚ-ні қамтамасыз етумен байланысты белгілі бір қызмет түрлерін

атқаратын қызметкерлерді аттестаттау жұмыстарын ұйымдастыруды;

9) білім, дайындық, дағды және тәжірибе туралы жазбаларды жүргізуді қамтиды.

77. ӨҚ саласындағы оқыту, құзыреттіліктер мен дағдыларды дамыту үдерісі үздіксіз болуы және ПК-ның барлық деңгейлеріне бағытталуы тиіс.

78. Қызметкерлердің ӨҚ мәселелері бойынша оқытылуы және білімдерінің тексерілуі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және озық тәжірибелерге сәйкес жүзеге асырылады.

79. Жұмысқа қабылданған адамдар, сондай-ақ басқа лауазымға ауыстырылатын қызметкерлер жұмыс беруші белгілеген мерзімде, бірақ еңбек шарты жасалғаннан немесе басқа жұмысқа ауыстырылғаннан кейін бір айдан кешіктірмей ӨҚ мәселелері бойынша оқытудан өтеді және білімдері тексеріледі.

80. ӨҚ мәселелері бойынша оқытудан өтпеген және білімі тексерілмеген қызметкерлер жұмысқа жіберілмейді.

81. ӨҚ мәселелері бойынша оқыту (сабақтар, дәрістер, семинарлар) жұмыс берушінің ұйымдастыруымен өткізіледі. Оған тиісті салалардың жоғары білікті мамандары, кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесі бар инженерлік-техникалық қызметкерлер, еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлар, ПК-ның өз ӨҚ қызметтері, сондай-ақ мамандандырылған ұйымдар тартылады.

82. ӨҚ мәселелері бойынша оқу бағдарламалары осы ұйымның ерекшеліктерін ескере отырып, теориялық және өндірістік оқытуды қамтиды.

83. Өндірістік қауіпсіздік мәселелері, еңбектің қауіпсіз әдістері мен тәсілдері бойынша өндірістік оқыту оқу сыныптарында, шеберханаларда, учаскелерде, цехтарда ұйымның өндірістік қауіпсіздікке жауапты қызметкерлерінің жетекшілігімен жүргізіледі.

84. Өндірістік қауіпсіздік мәселелері бойынша қызметкерлерді оқыту білімді тексерумен (емтиханмен немесе тестпен) аяқталады.

85. Қызметкерлердің білімін тексеру нәтижелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес рәсімделеді.

86. Қызметкер қанағаттанарлықсыз баға алған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе ішкі нормативтік құжаттарда белгіленген мерзімде білімін қайта тексеру тағайындалады. Қызметкер қайта оқытудан өтеді және білімі тексерілгенге дейін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен жұмыстан шеттетіледі.

87. Өндірістік қауіпсіздіктің тиісті мәдениетін қолдау үшін қызметкерлерді ынталандыру және көтермелеу персоналды даярлау жүйесінің ажырамас бөлігі.

88. Белгілі бір бағдарлама шеңберінде қызметкерлерді ынталандыру мен көтермелеудің мақсаттары:

1) өндірістік тапсырмаларды орындау сапасын арттыру;

2) өндірістік қауіпсіздік талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілікті

күшейту;

3) өндірістік қауіпсіздік саласындағы қызметтің қол жеткізген нәтижелері үшін қызметкерлерді марапаттау (материалдық немесе материалдық емес сыйақы түрінде);

4) қызметкерлердің еңбек міндеттерін тиісінше орындауға, өндірістік қауіпсіздік талаптарын сақтауға және өндірістік қауіпсіздік жүйесін жетілдіруге деген қызығушылығын арттыру.

88-1. Қызметкерлерді өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету үдерістеріне тарту.

Өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жұмыскерлерді тарту бағдарламасы. Қауіпсіздіктің жетілген мәдениетін қалыптастыру және ұйымдағы ӨҚ-ні басқару жүйесінің тиімді жұмыс істеуі үшін жұмыскерлерді тарту бағдарламасы әзірленіп, енгізілуі тиіс. Бағдарламаның мақсаты – барлық деңгейдегі жұмыскерлердің ӨҚ-ні қамтамасыз ету және жақсарту үдерістеріне жүйелі түрде қатысуын қамтамасыз ету, оның ішінде қауіптерді анықтау, бастамалар ұсыну, талдау және шешімдер қабылдауға қатысу.

Бағдарламаға:

- қатысудың мақсаттары мен қағидаттары (ашықтық, айқындық, өзара сенім);

- жұмыскерлердің ӨҚ үдерістеріне қатысу нысандары (HAZOP, RCA, мінез-құлық аудиттеріне, қауіпсіздік комитеттеріне, жұмыс топтарына қатысу);

- бастамаларды жинау және кері байланыс құралдары (бақылау карточкалары, цифрлық платформалар, ұсыныстар жәшіктері, сауалнамалар);

- оң нәтижемен іске асырылған бастамаларға белсенді қатысқаны және ұсынғаны үшін материалдық емес және/немесе материалдық ынталандыру тәртібі;

- қатысу тиімділігінің көрсеткіштері (мысалы, жұмыскерлерді қамту, бастамалардың саны мен нәтижелілігі, қарау қорытындылары бойынша кері байланыс) енуі тиіс.

88-2. Өндірістік үдерістердің қауіпсіздігін басқару саласындағы негізгі қызметкерлердің құзыреттерін дамыту және ұстап қалу

Өндірістік процестердің қауіпсіздігін басқару (ӨПҚБ) саласындағы құзыретті қызметкерлерді дамыту және ұстап қалу бағдарламасы.

ӨПҚБ жүйесінің тұрақты жұмыс істеуі мен корпоративтік сараптаманы сақтау үшін ӨҚ процестеріне тартылған қызметкерлердің сабақтастығын, ынталандыруын және кәсіби өсуін қамтамасыз етуге бағытталған құзыретті қызметкерлерді дамыту және ұстап қалу бағдарламасын енгізу қажет.

Бағдарлама мынадай құрамдас бөліктерді қамтуы тиіс:

Мансаптық даму картасы:

- кәсіби өсу деңгейлерін белгілеу (бастапқы → маман → сарапшы → көшбасшы → тәлімгер);

- ауысу өлшемдерін анықтау: жұмыс өтілі, сертификаттау, негізгі іс-шараларға қатысу (HAZOP және т.б.);

- әр деңгейді игерудің шамамен мерзімін белгілеу.

Мақсатты тағайындаулар мен тәлімгерлік:
 - тәжірибелі мамандар арасынан тәлімгерлерді тағайындау;
 - болашағы бар қызметкерлердің цифрландыру жобаларына, тәуекелдерді басқарудың жаңа тәсілдері мен құралдарын енгізуге қатысуы.

Ынталандыру және мойындау:
 - даму кезеңдерінен өткені үшін материалдық емес және/немесе материалдық ынталандыру;
 - өкілеттіктері кеңейтілген және корпоративтік бастамаларға қатысатын бөлімшелер құрылымында «ӨҚ жөніндегі сарапшы» мәртебесін бөлу.

Оқытылған мамандармен келісімшарттар (жұмыс берушінің шешімі бойынша):

- негізгі тақырыптар бойынша корпоративтік оқытудан кейін (HAZOP және т.б.) ниет білдіру туралы келісімдер немесе еңбек шарттары арқылы қызметкерлерді бекіту мүмкіндігі.

Мониторинг және кері байланыс:
 - оқытылған қызметкерлердің жұмыстан кету себептерін талдау;
 - кері байланыс пен ұйымның қажеттіліктері негізінде бағдарлама мазмұнын жүйелі түрде нақтылау.

Оқиғаларды басқару

89. Қазақстан Республикасындағы өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнамалық және нормативтік актілердің талаптарына сәйкес келетін барлық оқиғалар осы талаптарға қатаң сәйкестікте тергеледі. Сонымен қатар қауіпті жағдайлардың, қауіпті іс-әрекеттердің, ықтимал қауіпті оқиғалардың, ұсақ жарақаттардың және өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын өрескел бұзудың түпкі себептеріне талдау жүргізу қажет.

90. Әрбір оқиға тек физикалық ақаулар немесе адами қателіктер ғана емес, өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесінің істен шығуының белгісі болғандықтан, оқиғалардың түпкі себептерін анықтау мақсатында ішкі тергеулер жүргізу қажет (қолданылатын әдістеменің мысалы 1-қосымшада келтірілген).

91. Түпкі себептерді анықтау жүйесінің басты міндеті - оқиғалардың қайталануына жол бермеу.

92. Логикалық талдау арқылы түпкі себептерді анықтау үдерісі басқару жүйелерімен байланысты негізгі факторларды (жүйелік қателерді) анықтау үшін барлық себеп-салдарлық байланыстарды қадағалауы тиіс. Бұл басқару жүйелерін (рәсімдерді, лауазымдық функциялар мен міндеттерді, қызметкерлерді бақылау және оқыту құралдарын, жұмыс үдерістерін) жетілдіруге күш-жігерді шоғырландыруға мүмкіндік береді.

93. Жалпы алғанда, түпкі себептерді анықтау процесі қауіпсіздікті басқару жүйесін үздіксіз жетілдіруге:

- 1) болашақта оқиғаларға себеп болуы мүмкін жағдайларды анықтау;
- 2) оқиғалардың қайталануын болдырмау жөніндегі шараларды әзірлеу және жүзеге асыру;
- 3) саясаттарды, рәсімдерді, басшылық қағидаттар мен стандарттарды дамыту және жетілдіру арқылы өз үлесін қосады.

Авариялар мен төтенше жағдайларға дайындық

94. ӨҚ-ні басқару жүйесі әлеуетті апаттық жағдайларды анықтау мен талдау процесін, сондай-ақ зардаптарды жеңілдету мен оқиғаларды бақылауды жоспарлауды қамтуы тиіс. Жедел әрекет ету жоспарлары қажет болған жағдайда шұғыл іс-қимылдарды жүзеге асыру үшін өзекті күйде сақталуы тиіс.

95. Апаттар мен төтенше жағдайларды басқару ӨҚ-нің қалыпты режимдегі жұмысына айтарлықтай теріс әсер етуі мүмкін ықтимал елеулі оқиғаларға талдау жүргізуден және оларды болдырмау және/немесе зардаптарын жеңілдету шараларын әзірлеуден тұрады.

96. Кез келген ықтимал жоспарланбаған оқиғаларды анықтау қажет және компанияның тәуекелдерді басқару жоспары аясында апаттар мен төтенше жағдайларға әрекет ету рәсімдерін белгілеу керек.

97. ПК мердігер ұйымдардың қызметкерлері/жұмысшылары апаттар мен төтенше жағдайларға әрекет ету кезіндегі іс-қимыл тәртібін қарастыруы тиіс.

98. Апаттар мен төтенше жағдайларға дайындық және оларға әрекет ету:

1) апаттар мен төтенше жағдайлардың зардаптарын анықтау, алдын алу, шектеу және жою жөніндегі іс-шараларды жоспарлау;

2) жұмыскерлерді/қызметкерлерді, соның ішінде мердігерлік ұйымдарды авариялар мен төтенше жағдайлар кезіндегі іс-әрекеттерге оқыту (оқу дабылдары мен оқу-жаттығу сабақтарын өткізу кестелерін құру, дағдарыс жағдайларын басқару жөніндегі комитет (командалар) құру, әр түрлі деңгейдегі төтенше жағдайларды жою штабтарын ұйымдастыру, авариялық жаттығулар және шартты түрде туындаған авария кезіндегі іс-қимылдарды пысықтау және т.б.);

3) авариялар мен төтенше жағдайларды оқшаулау және жою үшін тиісті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету;

4) байланыс жүйелерінің болуын және жұмыс істеуін қамтамасыз ету және т.б. жолымен қамтамасыз етіледі.

99. Авариялар мен төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимыл жоспарлары мыналарды қамтуы тиіс (бірақ бұлармен шектелмейді):

1) ішкі және сыртқы байланыстарды қолдауды қоса алғанда, төтенше жағдайларға әрекет етуді ұйымдастыру, міндеттер, өкілеттіктер және рәсімдер;

2) жеке құрамды паналау, эвакуациялау, құтқару және емдеумен

қамтамасыз ету жүйелері мен рәсімдері;

3) аварияға қарсы іс-қимылдардың салдарын болдырмау, жеңілдету және бақылау жүйелері мен рәсімдері;

4) билік органдарымен, туыстармен және басқа да мүдделі тараптармен байланысу тәртібі;

5) компанияның жабдықтарын, үй-жайларын және қызметкерлерін жұмылдыру жүйелері мен рәсімдері;

6) шұғыл көмек көрсету үшін сырттан ресурстарды тарту жөніндегі іс-шаралар мен рәсімдер;

7) авариялар мен төтенше жағдайлардың әсер ету аймағына түсетін жергілікті тұрғындарды хабардар ету тәртібі;

8) әрекет ету топтарын оқыту және апаттық жүйелерді сынақтан өткізу бойынша іс-шаралар мен рәсімдер.

100. Авариялық ден қоюдың басты мақсаты – кез келген жағымсыз қауіп-қатерді азайту, дағдарыс сәтінде апаттар мен төтенше жағдайлардың өршуіне жол бермеу, қызметкерлерді апаттар мен төтенше жағдайлар кезінде әрекет етуге дайындау.

101. Ден қою жоспарларының тиімділігін бағалау үшін компания Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сценарийлерді пысықтау, оқу дабылдарын және апатқа қарсы жаттығуларды өткізу арқылы апаттар мен төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимыл жоспарларын тексеру рәсімдерін қолдауы тиіс. Бұл ретте заңнама талаптарымен ғана шектелмеу қажет.

Жабдыққа ұқыпты қызмет көрсету менеджменті жүйесі

101-1. № 2 қосымшаға сәйкес жабдықтарға ұқыпты қызмет көрсету менеджменті жүйесін енгізу процесінің мақсаты жабдықтардың жай-күйін оңтайлы басқару арқылы өндірістік қауіпсіздік деңгейін, өндірістік процестердің сенімділігі мен тиімділігін арттыру болып табылады.

101-2. Жабдыққа ұқыпты қызмет көрсету менеджменті жүйесін енгізудің негізгі міндеттері мыналар:

1) барлық өндірістік нысандарда жабдықты сенімді әрі қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету;

2) апаттық жағдайларға байланысты жабдықтың тоқтап қалуын азайту;

3) қызметкерлерді дербес қызмет көрсету процесіне тарту;

4) ақаулардың алдын алу үшін профилактикалық шараларды әзірлеу және енгізу.

101-3. Жабдықтарға ұқыпты қызмет көрсету менеджменті жүйесінің негізгі элементтері мыналар:

1) барлық қызметкерлерді, соның ішінде жабдық операторларын, техникалық персонал мен басшылықты жетілдіру процестеріне тарту;

2) жабдыққа күнделікті қызмет көрсетуге операторларды тартуды

көздейтін дербес қызмет көрсету, оның ішінде визуалды диагностикалау, тазалау, майлау, ұсақ жөндеу және жабдықтың жай-күйін бақылау үшін тексеру парақтарын пайдалану;

3) шығындардың алты негізгі түрін жоюға назар аудару: бұзылу салдарынан тоқтап қалу, қайта реттеу мен қайта баптау шығындары, қысқа мерзімді тоқтап қалу немесе баяу жұмыс істеу салдарынан болатын шығындар, өнім ақаулары мен қайта өңдеу, өндірісті бастау кезіндегі шығындар, қызмет көрсету кезіндегі артық шығындар.

4) жабдықтың бұзылуын болдырмау және оның қызмет ету мерзімін ұзарту үшін техникалық қызмет көрсету кестесін әзірлеу;

5) жабдықтың тиімділігін арттыруға бағытталған ұсақ, бірақ жүйелі жақсартуларды енгізу (Kaizen әдісі);

6) қызметкерлерге жабдықпен тиімді жұмыс істеу және жақсартуларды енгізу үшін қажетті білім мен дағдыларды үйрету;

7) жабдықтың тиімділік көрсеткіштерін бақылау, оған үш негізгі аспект кіреді: қолжетімділік (тоқтаусыз жұмыс уақыты), өнімділік (орындау жылдамдығы) және сапа (талаптарға сай келетін өнім пайызы);

8) «5S» (Сұрыптау, Сәйкестендіру, Сәтті тазалау, Стандарттау, Сақтау) жүйесін енгізе отырып, жұмыс орнында тазалықты, тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін қауіпсіз әрі қолайлы жұмыс ортасын құру.

101-4. Жабдықтарға үнемді қызмет көрсету менеджмент жүйесін құрудың артықшылықтары мыналар:

1) өндірістегі жазатайым оқиғалар санының азаюы;

2) апаттар мен оқыс оқиғалар санының кемуі;

3) жабдықты жөндеу шығындарының төмендеуі;

4) қызметкерлердің өндірістік қауіпсіздік стандарттарын сақтау қажеттілігі туралы хабардарлығының артуы;

5) өндірістік нысандарда өндірістік қауіпсіздікті басқаруға жүйелі тәсілді қалыптастыру;

6) жабдықтың қызмет ету мерзімін ұзарту.

101-5. Жабдықтарға үнемді қызмет көрсету менеджменті жүйесін енгізу ұйымның барлық деңгейінде рөлдер мен жауапкершілікті нақты бөлуді қажет етеді:

1. Құрылымдық бөлімшелер мен цехтардың басшылары жабдыққа үнемді қызмет көрсету менеджменті бағдарламаларын жүзеге асыруды жалпы басқарады және бақылайды, жабдыққа қызмет көрсету жоспарларының орындалуын және алдын алу жұмыстарының кестелерінің сақталуын қадағалайды, бөлімшелер арасындағы ынтымақтастықты ұйымдастырады және қызметкерлердің жабдықты жұмыс күйінде ұстау үдерістеріне қатысуына ықпал етеді.

2. Жабдық операторлары күнделікті тексеру, тазалау, майлау және

ақауларды анықтауды қоса алғанда, дербес қызмет көрсетуді жүзеге асырады, жабдық жұмысындағы кез келген ауытқуларды дер кезінде анықтап, хабарлайды, сондай-ақ жабдықты өз бетінше күтіп-ұстау әдістері бойынша оқудан өтеді.

3. Өндірістік қауіпсіздік жөніндегі мамандар жабдықты пайдаланумен байланысты қауіп-қатерлерді анықтап, есепке алады, ықтимал қауіптерді жою бойынша ұсыныстар әзірлейді, жабдықтың техникалық жай-күйіне тексеру жүргізеді, қызметкерлерге онымен қауіпсіз жұмыс істеу қағидаттарын үйретеді және ақаулықтардың себептерін талдауға қатысып, оларды болдырмау шараларын әзірлейді.

4. Техникалық қызмет көрсету бөлімдері жоспарлы және жоспардан тыс жөндеу жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз етеді, жабдыққа техникалық қызмет көрсету жөніндегі құжаттаманы жүргізеді және ақауларды жедел жою үшін операторлармен бірлесіп әрекет етеді.

101-6. Жабдыққа үнемді қызмет көрсету менеджменті жүйесін енгізу ұзақ мерзімді бағдарламаны жүзеге асыруды қарастырады. Бұл бағдарлама жабдықтың ағымдағы жағдайын тексеруді, қызметкерлерді үнемді қызмет көрсету әдістеріне оқытуды, техникалық қызмет көрсету рәсімдерін әзірлеу мен енгізуді, сондай-ақ жабдықтың тиімділігін, сенімділігін және оны пайдалану қауіпсіздігін арттыру мақсатында үдерістерді үнемі жетілдіруді қамтиды.

Мердігерлік ұйымдарды басқару

102. Бұл үдеріс ПК үшін жұмыстарды орындайтын, қызмет көрсететін барлық мердігерлік ұйымдарға қолданылады.

103. Белгілі бір шарт (келісімшарт) бойынша жұмыстарды/қызметтерді орындауға байланысты тәуекел дәрежесін жіктеу кезінде мынадай факторлар ескерілуі тиіс:

- 1) олардың қызметінің ПК қызметіне ықтимал салдары немесе әсері;
- 2) орындалатын жұмыстардың түрі/сипаты;
- 3) жұмыстарды орындау орны;
- 4) тәуекел факторының түрі/сипаты;
- 5) орындалатын жұмыстардың/көрсетілетін қызметтердің ұзақтығы;
- 6) жұмысты орындау/қызмет көрсету үшін мердігердің тәжірибесі мен құзыреттілігі;
- 7) жұмыстарды орындайтын/қызмет көрсететін мердігер қызметкерлері немесе ПК қызметкерлері үшін жазатайым оқиғалардың туындау ықтималдығы;
- 8) компания аумағында/нысанында мердігердің қызметі нәтижесінде апат және/немесе төтенше жағдайдың туындау ықтималдығы.

104. Мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау кезінде мынадай тәсілдерді басшылыққа алу қажет, бірақ олармен шектелмеу керек:

- 1) ӨҚ саласында мердігер ұйымға қойылатын талаптар ПК-ның өзіне

қойылатын талаптарға сәйкес келуі тиіс;

2) шарт (келісімшарт) әкімшісін тағайындау, ол мердігерлік ұйымның шарт бойынша жұмыстарды/қызметтерді орындауы кезінде ӨҚ талаптарын сақтау мақсатында ақпаратты берудің толықтығы үшін жауапты болады;

3) Шарт жасалғаннан кейін мердігер ұйымның қызметкерлері жұмыстарды орындауды және қызмет көрсетуді бастамас бұрын, ПК аумағына/нысанына жіберу бойынша дайындық іс-шаралары жүргізіледі. Бұл кезде рұқсат беру құжаттары, стандарттар және ӨҚ саласындағы ішкі нормативтік құжаттар тексеріледі;

4) Жұмыстарды орындайтын/қызмет көрсететін мердігер ұйымның жұмысына тексеру тоқсанына кемінде бір рет немесе елеулі оқиғалар болған жағдайда одан да жиі жүргізілуі тиіс;

5) ПК аумағында/нысанында немесе ПК мүддесінде мердігер ұйымдардың жұмыстарды орындауы/қызметтерді көрсетуі бойынша барлық шарттарда ӨҚ талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік көзделуі тиіс;

6) ПК аумағында/нысанында мердігер ұйымдармен өзара іс-қимыл тәртібі мен оларға қойылатын талаптарды әзірлеу және қолдану;

7) Мердігер ұйымдардың қызметкерлерін ПК аумағында/нысанында жұмыс істейтін/қызмет көрсететін орындарда/учаскелерде компанияның тәуекелдері мен қауіптері туралы оқыту және таныстыру;

8) Мердігер ұйымдардың қызметкерлерін авариялар мен төтенше жағдайлар туындаған кезде аварияларды жою жоспарларына сәйкес олардың іс-қимылдарымен таныстыру.

105. Мердігер ұйымдардың қызметкерлері танысу үшін ӨҚ бойынша ақпарат компанияның веб-сайтында жалпыға қолжетімді түрде орналастырылуы тиіс.

106. Процестің басты мақсаты – нақты жауапкершілікті анықтау, мердігер ұйымдармен тиімді ықпалдастықты қамтамасыз ету, сондай-ақ қауіпсіздік және еңбекті қорғау (ҚЕҚ) мәселелерін басқарудың жүйелі бағдарламасын ұсыну. Бұл бағдарлама мердігер ұйымдарда ҚЕҚ саласындағы бұзушылықтарға байланысты оқиғалардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Операциялық қызмет және өзгерістерді басқару

107. Өндіріс үдерісі бақыланатын жағдайларда жүзеге асырылады, олар мыналарды қамтиды:

1) өндіріс үдерісінің сипаттамаларын баяндайтын ақпараттың болуы (МЕМСТ, стандарттар, техникалық шарттар);

2) жабдықтардың, үй-жайлардың және жұмыс орындарының ӨҚ талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету;

3) инфрақұрылым мен өндірістік ортаны құру;

4) қызметкерлерді дайындау;

5) қажетті құжаттамамен, соның ішінде рәсімдік құжаттармен қамтамасыз ету;

6) жедел-күнтізбелік жоспарлау;

7) өндіріс үдерісі мен ӨҚ параметрлерін қатаң сақтау;

8) бақылау және өлшеу құралдарының болуы және қолданылуы;

9) мониторинг және өлшеулер жүргізу;

10) ӨҚ-нің белгіленген талаптарынан ауытқулар пайда болған кезде үдерістер мен рәсімдерді түзету.

110. ӨҚ-ге елеулі әсер ететін барлық үдерістерді жүйелі мониторинг пен өлшеулер арқылы бағалау қажет.

110-1. Өзгерістерді басқару өндірістік үдерістерге, жабдыққа, қызметкерлерге немесе қауіп-қатер деңгейіне әсер етуі мүмкін техникалық, технологиялық, ұйымдастырушылық және өзге де өзгерістерді енгізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Өзгерістерді басқару үдерісі мыналарды қамтиды:

- өзгерістің мәні мен себебін сипаттай отырып, оны бастау;
- енгізуге дейін қауіптерді алдын ала анықтау және тәуекелді бағалау;
- жауапты мамандардың (технологтар, ӨҚ, ЕҚ, экология, пайдалану, жобалау және т.б. инженерлерді қоса алғанда) қатысуымен өзгерісті қарастыру және келісу;
- тәуекелдерге ресми талдау жүргізу қажеттілігін анықтау (мысалы, HAZOP);
- процестердің қауіпсіздігі туралы ақпаратты (бұдан әрі – ПҚА), рәсімдерді, нұсқаулықтарды және оқу материалдарын жаңарту;
- өзгерістер күшіне енгенге дейін қызметкерлерге қажетті оқыту жүргізу және ақпарат беру;
- өзгерісті енгізуді құжаттау және бақылау;
- өзгерістің тиімділігін бақылау және қажет болған жағдайда түзету шараларын қолдану.

Барлық тұрақты және уақытша өзгерістер үшін өзгерістер журналында және/немесе өзгерістерді басқарудың цифрлық жүйесінде міндетті түрде тіркей отырып, ресми келісу тәртібі қолданылуы тиіс.

110-2. Өзгерістерді маңыздылық деңгейі бойынша жіктеу

Өзгерістерді тиімді басқару мақсатында олардың өндірістік процестердің қауіпсіздігіне ықтимал әсер ету деңгейі бойынша өзгерістердің жіктелуі белгіленеді:

Жоғары маңызды өзгерістер – қауіптілігі жоғары объектілерге (ҚЖО), ЖОА сценарийлерінің алдын алу жүйелеріне, негізгі технологиялық параметрлерге, апаттық қорғанысқа, басқару жүйелеріне, қызметкерлердің денсаулығына, қоршаған ортаны қорғауға әсер етуі мүмкін өзгерістер, сондай-ақ апаттарға, жазатайым оқиғаларға немесе қадағалау органдарының

нұсқамаларына жауап ретінде бастамаланатын өзгерістер.

- Орташа маңызды өзгерістер – маңызды технологиялық немесе қорғаныс функцияларына араласпай, жұмыс процедураларына, қосалқы жабдықтарға, қызметкерлерге әсер ететін өзгерістер.

- Шамалы өзгерістер – тәуекел деңгейіне әсер етпейтін әкімшілік, ұйымдастырушылық немесе құжаттамалық сипаттағы өзгерістер.

Әрбір өзгеріс оның маңыздылық деңгейі белгіленіп, бастапқы кезеңде жіктелуі тиіс.

Маңыздылық деңгейіне қарай бағалаудың тиісті рәсімі қолданылады:

- жоғары маңызды өзгерістер үшін – тәуекелді ресми бағалау міндетті (HAZOP, LOPA және т.б.);

- орташа маңызды өзгерістер үшін - сараптамалық қорытындымен негізгі бағалау;

- шамалы өзгерістер үшін – ӨҚ талаптарына сәйкестігін жеңілдетілген тексеру.

Барлық өзгерістер жіктелуі, күні, жауапты тұлғасы, тәуекелді бағалау нәтижелері және орындалу мәртебесі көрсетіліп, өзгерістерді басқару журналында (немесе цифрлық тізілімде) тіркеледі.

110-3. Өзгерістерді бастау кезінде тәуекелдерді бағалау

Өндірістік қызметтің техникалық, технологиялық, ұйымдастырушылық, кадрлық және өзге де аспектілеріне қатысты кез келген өзгеріс енгізілмес бұрын міндетті түрде тәуекелді алдын ала бағалаудан өтуі тиіс.

Тәуекелді алдын ала бағалау үдерісі мыналарды қамтуы тиіс:

- ұсынылған өзгеріс салдарынан туындайтын жаңа немесе күшейтілген қауіптерді анықтау;

- ұйымда бекітілген тәуекелді бағалау матрицасын қолдана отырып, тәуекелдерге сандық және/немесе сапалық баға беру;

- қалдық тәуекелді және оны төмендету бойынша ұсынылған шараларды көрсете отырып, бағалау нәтижелерін құжаттау;

- жан-жақты сараптамалық бағалау үшін тиісті мамандарды (технология, өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау, экология, пайдалану, жобалау және т.б. саласындағы) тарту.

Тәуекелдің жоғары әлеуетті деңгейі болған кезде немесе маңызды жабдыққа, технологиялық тізбектерге, қорғаныс жүйелеріне, басқару жүйесіне немесе ерекше бақылаудағы объектілерге әсер еткен жағдайда, қауіпті талдаудың ресми әдістерін (мысалы, HAZOP) қолдану қажет.

Тәуекелдерді бағалау өзгерістер бекітілгенге дейін аяқталуы тиіс, ал оның нәтижелері өзгерістердің қолайлылығы, қосымша шаралардың қажеттілігі және байланысты құжаттаманы (оның ішінде өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулықтар, басқа нұсқаулықтар, ден қою жоспарлары және т.б.) жаңарту туралы шешім қабылдау кезінде пайдаланылуы керек.

110-4. Өзгерістер кезінде тәуекелдерді бағалауды қайта қарау

Өндірістік үдерістерге, жабдыққа, қызметкерлерге, басқару құрылымына немесе құжаттамаға қатысты кез келген өзгерістерді жүзеге асыру кезінде анықталған қауіптер мен бұрын жүргізілген тәуекелдерді бағалауды міндетті түрде қайта қарастыру қажет.

Қайта қарастыру мыналарды қамтиды:

- қолданыстағы қауіп-қатерлердің, тәуекелдердің және оқиғалар даму сценарийлерінің өзектілігін тексеру;
- өзгерістің қолданыстағы қорғаныс кедергілеріне, технологиялық параметрлерге, пайдалану шарттарына ықтимал әсерін талдау;
- тәуекелдерді басқару бойынша ағымдағы шараларды түзету қажеттілігін бағалау;
- өзгерістің маңыздылық деңгейіне байланысты жаңа талдау (мысалы, HAZOP) жүргізу қажеттілігін анықтау;
- қайта қарау нәтижелерін құжаттау және тәуекелдерді бағалау тізіліміне енгізу.

Тәуекелдерді қайта қарау өзгеріс бекітіліп, енгізілгенге дейін орындалуы тиіс және өзгерістерді басқару жүйесі аясында келісу кезіндегі міндетті қадамдар тізіміне енуі қажет.

Қайта қарау нәтижелері мыналарды жаңарту үшін пайдаланылуы тиіс:

- үдерістер қауіпсіздігі бойынша құжаттама;
- пайдалану нұсқаулықтары;
- ОҚ және қызметкерлерді оқыту бойынша іс-шаралар жоспарлары.

110-5. Өндірістік процестердің қауіпсіздігі туралы ақпаратты (ӨПҚ) құжаттау және басқару

Қауіптерді тиімді анықтауды, тәуекелдерді бағалауды, өзгерістерді басқаруды және ұйымдағы қызметкерлерді даярлауды қамтамасыз ету үшін өндірістік процестердің қауіпсіздігі (ӨПҚ) туралы ақпаратты басқару жүйесі құрылып, өзекті күйде сақталуы тиіс.

Ақпарат құрамына мыналар кіруі тиіс (бірақ олармен шектелмейді):

- технологиялық сызбалар: PFD, P&ID, BFD;
- жабдықтардың техникалық сипаттамалары мен ерекшеліктері;
- материалдардың қауіпсіздік паспорттары (MSDS);
- технологиялық режимдер мен маңызды параметрлердің сипаттамалары;
- басқару және автоматтандыру философиясы, қорғаныс логикасы, себеп-салдар матрицалары;
- энергетикалық және материалдық теңгерімдер;
- қондырғылар бойынша сипаттамалар, қорғаныс тосқауылдары мен әрекет ету жүйелерінің тізімдері.

Ұйым міндетті:

- PSI-ді жүргізу, жаңарту және оған қолжетімділікті бақылау үшін жауапты тұлғаларды тағайындауға;
- нұсқаларды бақылау және өзгерістерді қадағалау мүмкіндігімен PSI-

құжаттарды орталықтандырылған цифрлық сақтауды қамтамасыз етуге;
 - тәуекелдерді бағалаумен, МОС, HAZOP, пайдаланумен, оқытумен және оқиғаларды тергеумен байланысты үдерістердің барлық қатысушыларына ҰҚБ базасына қолжетімділікті қамтамасыз етуге;
 - өзгерістер, апаттар, түзету іс-шаралары немесе жоспарлы техникалық тексерулерден кейін PSI-ді қайта қарауды және жаңартуды қамтамасыз етуге.

Процестердің қауіпсіздігі бойынша өзекті, сенімді және қолжетімді ақпараттың болуы ӨҚ-ні басқару жүйесінің жұмыс істеуінің міндетті шарты болып табылады.

ӨҚ-ні басқару бойынша проактивті құралдар

111. Проактивті құралдар қауіп-қатерлерді анықтау және оларға ден қою, қауіпсіздік бойынша ұсыныстарды тіркеу, жұмыскерлерді тарту және ақпараттандыру үшін қажет.

112. Проактивті құралдардың үлгілері мыналар:

1) қауіпті жағдайларды, қауіпті әрекеттерді, ықтимал қауіпті оқиғаларды анықтау, тіркеу және тергеу;

2) мінез-құлықтық диалогтарды/аудиттерді/қауіпсіздік бақылауларын қолдану;

3) қауіпсіз емес жұмыс түрлерін тоқтату тәжірибесін енгізу;

4) қауіпсіздікті бақылау үшін «safety observation card/ Hazard observation card» карточкаларын қолдану (жақсарту бойынша ұсыныстар беру және өндірістегі қауіптер туралы хабарлау);

5) және басқалар.

113. Проактивті құралдарды қолдану процесіне ПК қызметкерлерін де, келушілерді де, мердігер ұйымдардың қызметкерлерін де тарту қажет.

114. ПК және мердігер ұйымдардың барлық қызметкерлеріне проактивті құралдарды қолдану мүмкіндігі берілуі тиіс.

115. ПК жұмыскерлерін тарту мақсатында ынталандыру мен уәждеме үшін қолжетімді экономикалық және әлеуметтік құралдарды пайдалану, қажет болған жағдайда құпиялылыққа кепілдік беру, сондай-ақ қызметкерге қысым көрсетпеу керек.

116. Проактивті құралдардың жұмыс қабілеттілігін қолдау үшін келесі минималды шешімдерді қолдану қажет (бірақ бұлармен шектелмей):

1) проактивті құралды пайдалану құқығын, оның ішінде цифрлық технологиялар арқылы жүзеге асыру;

2) қауіпсіз емес жұмыстарды тоқтату құқығын іске асыру және тәуекелдің алдын алу шараларын жүзеге асыру;

3) проактивті құралды қолданудың нақты жағдайы бойынша кері байланыс;

4) ПК басшылары мен қызметкерлерінің проактивті құралдарды қолдануын талдау және бақылау.

Процестерді цифрландыру

117. Тиімді шешімдерді жүзеге асыру мақсатында ӨҚ саласында цифрлық шешімдерді пайдалану ұсынылады.

118. Цифрландыру үдерістің тиімділігі мен өнімділігін арттырудың, сондай-ақ ӨҚ-ні басқару функциясының шығындарын азайтудың негізгі факторы болып табылады.

119. ӨҚ-ні басқару үдерістерін цифрландыру мыналарға мүмкіндік береді:

- 1) жылдам талдау және қызметкерлердің хабардарлығын арттыру арқылы жергілікті жерлерде үдерісті тиімді басқару;
- 2) шешім қабылдау жылдамдығын арттыру және операциялық қызмет шығындарын азайту;
- 3) оқиғалар мен сәйкессіздіктердің алдын алу және санын азайту;
- 4) үдерістердің ашықтығы мен бақылауын қамтамасыз ету;
- 5) тәсілдің жүйелілігіне кепілдік беру және көрсеткіштерді үнемі жақсартуға ықпал ету;
- 6) шешім қабылдауға ыңғайлы түрде ақпарат ұсыну;
- 7) өзгерістерді жедел қадағалау және басқару;
- 8) тәуекелдерді алдын ала басқару;
- 9) деректерді бір рет енгізу және хабарландырулар алу;
- 10) жедел түрде есеп беруді құрастыру;
- 11) анықталған бұзушылықтардың, сәйкессіздіктердің, қауіпті іс-әрекеттердің, қауіпті жағдайлардың қолданыстағы үрдістері бойынша тиімді талдау жүргізу.

Мүдделі тараптармен коммуникация

120. ӨҚ саласындағы тиімді коммуникация үдерістерінің болуы қызметкерлерді ішкі және сыртқы байланыс арқылы хабардар етуді, мүдделі тараптардың ӨҚ-ні басқаруға қатысуын, ӨҚ мәселелері бойынша консультация беруді білдіреді.

121. Бұл процесс ақпарат алмасу саласындағы тәсілдерді келесі жолдармен анықтайды:

- 1) ӨҚ мәселелері бойынша басшылықтың ұстанымы мен күтулерін жеткізу;
- 2) бар қауіптер мен тәуекелдер туралы ескерту;
- 3) ӨҚ саласындағы үздік тәжірибемен алмасу;
- 4) жұмыскерлерге ӨҚ талаптарын түсіндіру;
- 5) жұмыскерлерді ӨҚ саласын жақсарту жұмыстарына тарту.

122. Насихаттық ықпал етудің қолданыстағы тәсілдерін екі топқа бөлуге болады:

- 1) бір арналы коммуникациялар, мұнда әсер ету арнасы бар, бірақ осы

әсерді қабылдауды бақылау үшін тікелей кері байланыс арнасы жоқ. Бір арналы әсер ету құралдарына жатады:

- баспа басылымдары (кітапшалар, ақпараттық парақшалар және т.б.);
- қауіпсіздік плакаттары, қабырға газеттері;
- жедел хабарламалар;
- ӨҚ бойынша ақпараттық стендтер мен бұрыштар;
- көрмелер, дәрістер мен баяндамалар;
- аудиовизуалды құралдар (теледидар, кино, диафильмдер, радио хабарлар және т.б.).

2) екі арналы коммуникация, мұнда әсер ету барысында оның қабылдануын бақылау мүмкіндігі бар. Екі арналы әсер ету келесілерді ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады:

- компаниялардың әртүрлі деңгейлерінде қауіпсіздік жөніндегі комитеттер мен кіші комитеттер жүйесі;
- жұмыскерлермен жазатайым оқиғаларды, жарақаттанудың алдын алу жолдарын және т.б. ұжымдық талқылау.

123. Осы бағыттағы жұмыс мынадай нәтижелерге бағытталуы тиіс:

1) қауіпсіз жұмыстың оң ынталандыруының жоғары деңгейіне жету үшін қолданыстағы байланыс жүйесін дамыту және жетілдіру;

2) қызметкерлерге ақпарат жеткізу және керісінше қызметкерлерден кәсіпорын басшылығына кері байланыс алу үшін байланыс жоспары мен құралдарын құру;

3) ӨҚ мәселелері бойынша қызметкерлерді ашық ақпараттандыруға бағытталған тік және көлденең корпоративтік байланыстарды орнату.

124. Ақпараттың тік алмасуы қызметкерлерге мақсаттар мен міндеттерді жеткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл алмасу қызметкерлерге ӨҚ жетілдіру бойынша өз ұсыныстарын енгізуге, жұмыс жағдайлары туралы пікірлерін басшылыққа жеткізуге мүмкіндік береді.

125. Ақпараттың көлденең алмасуы ӨҚ жалпы міндеттеріне қол жеткізу мақсатында ПК құрылымдық бөлімшелері мен еншілес ұйымдар қызметкерлерінің өзара әрекеттесуін үйлестіруге бағытталған.

126. Ұйым қызметкерлері мынадай ұсыныстар береді:

1) қауіпсіз жұмыс әдістері және еңбек жағдайларын жақсарту үшін қажетті шаралар туралы;

2) ӨҚ саласындағы қажеттіліктер мен үміттерді анықтау туралы;

3) ӨҚ бойынша талаптарды орындау тетіктерін анықтау туралы;

4) ӨҚ саласындағы мақсаттарды белгілеу және оларға жету жөніндегі іс-шараларды жоспарлау туралы;

5) ӨҚ саласындағы мониторинг және бағалау көрсеткіштерін анықтау туралы;

6) аудит нысандарын белгілеу туралы;

7) ӨҚ саласындағы қызметті жетілдіру бағыттарын айқындау туралы.

127. ӨҚ жөніндегі басшы немесе оның өкілі қызметкерлерге ӨҚ басқару жүйесін жетілдіру үдерісіне олардың қатысу мүмкіндіктері туралы қажетті ақпаратты жеткізеді.

128. Мүдделі тараптармен байланыс қалыптастырылған Саясатта жарияланған ӨҚ саласындағы көрсеткіштердің ашықтығы мен қолжетімділігі қағидаттарын сақтау мақсатында жүзеге асырылады.

129. ӨҚ-ні басқару жүйесін әзірлеуге, қолдауға және жетілдіруге кеңес беру және қызметкерлердің қатысуы оларды ӨҚ саласындағы жұмыстардың мынадай түрлеріне тартумен қамтамасыз етіледі:

кеңес беру, оқыту және қатысу тетіктерін айқындау; ӨҚ саласындағы қауіптерді анықтау және тәуекелдерді бағалау, қауіптерді жою және ӨҚ тәуекелдерін төмендету бойынша қолданылатын басқару шараларын белгілеу;

ӨҚ тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу; құзыреттілікке қойылатын талаптарды, оқыту қажеттілігін анықтау; ӨҚ саласындағы байланыс қажеттіліктері мен байланыс әдістерін айқындау; ӨҚ-ні басқару шараларын анықтау және оларды тиімді қолдану; ӨҚ саласындағы оқиғаларды тергеу және сәйкессіздіктердің туындау себептерін анықтау, оқиғалардың алдын алу жөніндегі іс-шаралар жоспарларын және түзету іс-қимылдары жоспарларын әзірлеуге қатысу.

128. Мүдделі тараптармен байланыс қалыптастырылатын Саясатта декларацияланған ӨҚ саласындағы көрсеткіштердің ашықтығы мен қолжетімділігі қағидаттарын сақтау мақсатында жүзеге асырылады.

129. ӨҚ-ні басқару жүйесін әзірлеуге, қолдауға және жетілдіруге кеңес беру және жұмыскерлердің қатысуы оларды ӨҚ саласындағы жұмыстардың мынадай түрлеріне тартумен қамтамасыз етіледі:

- 1) консультация беру, оқыту және қатысу тетіктерін анықтау;
- 2) ӨҚ саласындағы қауіптерді сәйкестендіру және тәуекелдерді бағалау, қауіптерді жою және ӨҚ тәуекелдерін төмендету бойынша қолданылатын басқару шараларын анықтау;
- 3) ӨҚ нәтижелілігін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- 4) құзыреттілікке қойылатын талаптарды, оқыту қажеттілігін анықтау;
- 5) ӨҚ саласындағы коммуникация қажеттіліктерін және коммуникация әдістерін анықтау;
- 6) ӨҚ-ні басқару шараларын анықтау және оларды тиімді қолдану;
- 7) ӨҚ саласындағы оқиғаларды тергеп-тексеру және сәйкессіздіктердің пайда болу себептерін анықтау, оқиғалардың алдын алу жөніндегі іс-шаралар жоспарларын және Түзету іс-қимылдары жоспарларын әзірлеуге қатысу.

6.3 ӨҚ тиімділігін бақылау және талдау

Мониторинг

130. ӨҚ-ні басқару жүйесіне қойылатын негізгі талаптар ӨҚ жөніндегі іс-шараларды орындауды қамтамасыз ету, жұмыскерлердің, соның ішінде мердігерлік/қосалқы мердігерлік ұйымдардың еңбек жағдайларын жақсарту бойынша қызметке тұрақты және жоспардан тыс мониторинг жүргізуге негізделеді. Бұған қызметкерлердің денсаулығына елеулі зиян келтіруі мүмкін өндірістік ортаның зиянды және қауіпті факторларының параметрлерін мерзімді бақылау да кіреді.

131. Мониторинг процесінің мақсаттары мыналар:

- 1) ӨҚ саласындағы бағдарламалар мен жоспарлардың іс-шараларының орындалуын бақылау;
- 2) еңбек жағдайларын жақсарту;
- 3) қызметкерлердің денсаулығына зиянды және қауіпті өндірістік факторлардың жағымсыз әсерін азайту;
- 4) оқиғаларды болдырмау және азайту;
- 5) апатқа қарсы және өртке қарсы жаттығулардың уақтылы өткізілуін бақылау;
- 6) қауіпті өндірістік нысандарда өндірістік процестердің қауіпсіз жүргізілуін қамтамасыз ету;
- 7) қауіптер мен оларға байланысты тәуекелдерді уақтылы анықтау;
- 8) ӨҚ саласындағы көрсеткіштерді талдау және бағалау, өндірістік және басқа да басқару құралдары мен әдістерінің тиімділігін анықтау.

132. Мониторинг аясында келесі іс-шараларды (бірақ бұлармен шектелмей) жүзеге асыру қажет:

- 1) ӨҚ бойынша кешенді және мақсатты тексерулер;
- 2) өндірістік ортаның зиянды және қауіпті факторларының параметрлерін мерзімді бақылау;
- 3) ПК және мердігер ұйым қызметкерлерінің жұмысты қауіпсіз орындау талаптарын сақтауын тексеру;
- 4) қызметкерлерге, соның ішінде мердігерлік ұйымдарға жұмыс орнында нұсқаулықтарды ұйымдастыру мен өткізудің дұрыстығын тексеру;
- 5) Оқытуды бақылау, өрт қауіпсіздігі бойынша білімді меңгеру сапасын тексеру;
- 6) Қадағалау органдарының нұсқамаларында көрсетілген сәйкессіздіктерді жою жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бақылау;
- 7) Жабдықтардың, техникалық құрылғылардың, ғимараттар мен құрылыстардың техникалық жағдайын бақылау;
- 8) Жұмыс орындарының қауіпсіздігін бақылау;

9) Өрт сөндірудің алғашқы құралдарының болуын және жай-күйін бақылау;

10) Компания қызметкерлерінің, сондай-ақ мердігер ұйымдар қызметкерлерінің жеке қорғаныс құралдарын (ЖҚК) және ұжымдық қорғаныс құралдарын пайдалану жағдайы мен дұрыстығын бақылау;

11) Тұрмыстық және қосалқы үй-жайлардың санитарлық жағдайын бақылау;

12) Түнгі уақытта, демалыс және мереке күндері өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақталуын бақылау;

13) Салынып жатқан және қайта жаңартылып жатқан нысандарды бақылау;

14) Заңнамалық және нормативтік талаптар аясында өндірістік нысандарды аттестаттау жұмыстарын ұйымдастыру және оған қатысу;

15) Қауіптер мен тәуекелдерді барынша азайту мақсатында оларды анықтауды ұйымдастыру және оған қатысу;

16) Түпкі себептерді талдау шеңберінде түзету шараларының орындалуын бақылау.

132-1. Жазатайым оқиғалардың себептерін жою жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бақылау және қадағалау шеңберінде мынадай іс-әрекеттер жүзеге асырылады:

1) Жазатайым оқиғаларды арнайы және ішкі тергеп-тексеру нәтижелері бойынша Қордың портфельдік компанияларының мамандары түзету іс-шараларын орындау мерзімдері мен жауапты тұлғаларды көрсете отырып, SAP Business Objects Planning and Consolidation (бұдан әрі – SAP BPS) ақпараттық жүйесіне енгізеді;

2) Қордың еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік секторының мамандары ай сайын SAP BPC функционалы арқылы іс-шаралардың орындалу барысын бақылайды, ұсынылған деректердің мерзімдерін, толықтығы мен дұрыстығын тексереді;

3) портфельдік компаниялар түзету іс-шараларын уақытылы енгізуге жауапты болады. Қордың еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік секторы әдіснамалық қолдау көрсетеді, ақпаратты жинақтайды және орындау мерзімдері мен сапасының сақталуын қадағалайды;

4) іс-шаралардың орындалу барысы туралы мәліметтер өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесінің тиімділігін талдау, есептілік дайындау, сондай-ақ Қор деңгейінде түзету және алдын алу іс-шараларын жоспарлау кезінде қолданылады.

133. ӨҚ мониторингі ӨҚ бойынша қызметтің нәтижелілігі мен тиімділігін ағымдағы бағалауға, жұмыскерлердің еңбек жағдайларын жақсартуға, апаттардың, оқыс оқиғалардың, жарақаттану мен кәсіптік аурулардың алдын алуға пайдаланылады. Аталған қызмет түрлерінің барлығы бөлімшелерде

анықталған қауіптер мен тәуекелдерге негізделеді. Қауіптер мен тәуекелдер тізілімдері негізінде ӨҚ саласындағы мақсаттарға жету және міндеттерді шешу бағдарламасы құрылады.

134. ӨҚ-ға әсер ететін операциялар мен қызмет түрлерінің мониторингі рәсімін жүзеге асыру үшін ӨҚ саласындағы мақсаттар мен міндеттерге жету бағдарламасы жасалады.

135. ӨҚ саласындағы мақсаттар мен міндеттерге жету бағдарламасына ӨҚ бойынша талаптар мен іс-шараларды орындау енгізіледі.

136. Сәйкессіздік ретінде мыналар танылады:

1) заңнаманың, нормативтік және техникалық құжаттаманың, сондай-ақ ІНҚ-ның талаптарын орындамау;

2) нұсқаулықтар мен ережелердің талаптарын орындамау;

3) назарға жеткізілген бұйрықтарды, өкімдерді, ақпараттық хаттарды орындамау;

4) бақылаушы қызметтер мен тексеруші ұйымдардың нұсқамаларында көрсетілген сәйкессіздіктерді жою бойынша жоспарланған іс-шараларды орындамау;

137. Мониторинг нәтижелері басшылық тарапынан ӨҚ-ні басқару жүйесіне талдау жүргізу кезінде қолданылады.

ӨҚ тиімділігін талдау

138. Компаниялар ӨҚ саласындағы өз қызметін тұрақты түрде талдауға жүйелі тәсіл қолданады.

139. Басшылықты талдау аясында ПҚ тоқсанына кемінде бір рет келесі:

1) қауіпсіздік мәдениетінің деңгейі;

2) жақсарту мақсатында мақсаттарға жету және міндеттерді шешу жөніндегі саясатта, бағдарламаларда және жоспарларда көрсетілген міндеттемелерді жүзеге асыру нәтижелері туралы ақпарат;

3) тиісті құқықтық талаптар мен өзге де талаптардың бұзылмағанын анықтау үшін зиянды факторлардың әсер ету деңгейлері;

4) орын алған оқиғалар;

5) ӨҚ саласындағы ұйымның қызмет түйінді көрсеткіштерін (ҚТК) орындау туралы ақпарат;

6) мәлімделген міндеттемелерді орындау үшін ресурстардың (қаржылық, еңбек, материалдық-техникалық ресурстар және т.б.) жеткіліктілігін талдау;

7) оқиғалардың алдын алу құралдарын қолдануды талдау;

8) өлім-жітім коэффициентінің мәні - еңбек қызметіне байланысты өліммен аяқталған жазатайым оқиғаларда зардап шеккендер саны $\times 100\,000\,000$ адам-сағат / есепті кезеңде жұмыс істелген сағат саны;

9) ауыр жарақаттану коэффициентінің мәні - еңбек қызметіне байланысты

еңбекке қабілеттілігін жоғалтқан жазатайым оқиғаларда ауыр жарақат алған зардап шеккендер саны $\times 1\,000\,000$ адам-сағат / есепті кезеңде жұмыс істелген сағат саны;

10) жұмыс уақытын жоғалтумен жарақаттану коэффициентінің мәні - еңбек қызметіне байланысты еңбекке қабілеттілігін жоғалтумен жазатайым оқиғаларда зардап шеккендердің саны (оның ішінде қаза тапқандар) $\times 1\,000\,000$ адам-сағат / есепті кезеңде жұмыс істелген сағат саны;

11) мердігерлік ұйымдардағы ӨҚ жай-күйі туралы есеп, оның ішінде өлім-жітім коэффициентінің, жұмыс уақытын жоғалтумен жарақаттану коэффициентінің, ауыр жарақаттану коэффициентінің мәндері, бұзушылықтар, орын алған жазатайым оқиғалар, мемлекеттік органдардың тексерулері және т.б. туралы ақпарат;

12) филиалдардың/еншілес-тәуелді ұйымдардың жұмыс нәтижелері;

13) ӨҚ қамтамасыз ету мәселелеріне қатысты қоғамдық ұйымдардың, халықтың және басқа да мүдделі тараптардың шағымдары мен өтініштерін қарау нәтижелері мәселелерін қарастырады.

140. Талдау нәтижелерін Қор компанияларының жоғары басшылығы ӨҚ басқару жүйесін жақсарту мүмкіндіктерін және ӨҚ саласындағы саясаттар, мақсаттар мен бағдарламалардағы өзгерістерді қоса алғанда, өзгерістер қажеттілігін бағалау үшін пайдалануы тиіс.

141. Портфельдік компанияларды өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесін жетілдіруге ынталандыру мақсатында 4-қосымшаға сәйкес ««Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасының өндірістік қауіпсіздік саласындағы нәтижелерге қол жеткізгені үшін жыл сайынғы номинациясымен портфельдік компанияларды марапаттау тәртібі» айқындалды.

141-1. Бас директорлардың өндірістік қауіпсіздік мәселелеріне жеке қатысуын қалыптастыру, қауіпсіздік мәдениетін дамытудағы басшылықтың рөлін нығайту және қызметкерлердің ынтасын арттыру мақсатында Қор «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компаниялары арасында № 5 қосымшаға сәйкес жыл сайын «Өндірістік қауіпсіздік мәселелеріне аса белсенді қатысатын бас директор» номинациясын ұйымдастырады.

Басқару үдерістері үшін қызметтің түйінді көрсеткіштері

142. ҚТК өндірістік қауіпсіздік үдерістерінің тиімділігін басқарудың негізі болып табылады. ҚТК тиімділіктің қозғаушы күші болуы және компанияның стратегиялық мақсаттарына сәйкес келуі тиіс. Өндірістік қауіпсіздікті басқару үдерісін төменде ұсынылған ҚТК негізінде бағалау қажет:

Компанияларда қолданылатын қызметтің түйінді көрсеткіштері:

Бірінші басшы және оның бағыттар бойынша орынбасарлары	Алдыңғы жылғы көрсеткішпен салыстырғандағы LTIF коэффициенті (жұмыс уақытын жоғалтумен жарақаттану коэффициенті) Жылдық жоспарға сәйкес корпоративтік стандарттарды енгізу және олардың тиімділігін талдау ӨҚ саласындағы тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды уақтылы қаржыландыру Алдын ала басқару үдерістері мен құралдарын енгізу
Басшылар және құрылымдық бөлімшелердің орынбасарлары	Оқыс оқиғалардың түпкі себептерін анықтау есептерінің нәтижелері бойынша ұйымдастырушылық-техникалық шаралар әзірлеу ӨҚ бойынша іс-шараларға жұмсалатын қаржылық шығындарды уақтылы әрі толық жылдық жоспарлау Бағынысты бөлімшеде қауіпсіздіктің мінез-құлық аудитін белгілі бір мөлшерде жүргізу және тиісті шаралар қабылдау
Желілік басшылар (қондырғы, учаске бастықтары)	Ықтимал қауіпті жағдайларды анықтау және тіркеу ӨҚ басқару жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар ӨҚ басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру

143. Аталған ҚТК талаптары ең азы және толық емес, тек әрбір ПК-ның бизнес ерекшеліктерін жеке көрсететін ерекше ҚТК әзірлеу үшін бағыттарды ғана белгілейді.

143-1. Компаниялар мердігерлік ұйымдармен шарттардың әкімшілері болатын құрылымдық бөлімшелердің басшыларына өндірістік қауіпсіздік жөніндегі нысаналы көрсеткішті белгілеуді көздеуі тиіс.

6.4 Аралас/ішкі аудиттерді жүргізу әдіснамасы

144. Мақсаттары мен міндеттері

Аралас (ішкі) аудит жүргізудің мақсаты:

1) апаттардың, жазатайым оқиғалардың, өрттердің, оқыс жағдайлардың алдын алу;

2) жекелеген ПК қызметінің ерекшелігіне қарай еңбек пен денсаулықты қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы, сондай-ақ аралас бағыттардағы, оның ішінде радиациялық және ядролық қауіпсіздік, электр қауіпсіздігі, тасымалдау үдерісінің қауіпсіздігі және басқа да бұзушылықтарды

анықтау әрі олардың алдын алу;

3) компаниялар тобында өндірістік қауіпсіздікті басқарудың бірыңғай тәсілдерін қамтамасыз ету, оның ішінде ЖҚҚ, арнайы киім мен аяқ киімді және дәрі қобдишаларын басқару жүйесін бағалау, сонымен қатар оларды есепке алу, бөлу, жаңарту және сапалық сипаттамаларын бақылау үдерістерін қамту;

4) Қордың портфельдік компаниялары арасында озық тәжірибемен алмасу;

5) бұрын қабылданған түзету іс-шараларының жүзеге асырылу тиімділігін бақылау;

6) өндірістік қауіпсіздік жөніндегі мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттыру;

7) еңбек пен денсаулықты қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы қауіпсіздікті басқару жүйесін жетілдіру.

145. Аудиторлардың мінез-құлық және кәсіби этика қағидаттары

Аудит нәтижелерінің жоғары сапасын, объективтілігін және сенімділігін қамтамасыз ету үшін тексерудің барлық қатысушылары келесі қағидаттарды сақтауға міндетті:

1) этикалық мінез-құлық – моральдық және кәсіби нормаларды сақтау, құрметпен және әдептілікпен қарым-қатынас жасау, біржақты және этикаға жат шешімдер мен әрекеттерге жол бермеу;

2) адалдық және сенім – шыншылдық, қағидаттылық, ашықтық және әріптестер мен тексерілетін тарап алдындағы міндеттемелерді орындау;

3) аудит барысында алынған ақпараттың құпиялылығын сақтау, таратпау және қорғау;

4) әділдік – нақты және объективті нәтижелерді бұрмаламай ұсыну міндеті;

5) кәсіби сақтық - ақпаратты жинау және талдау кезінде сау пікір, тәжірибе мен мұқияттылықты қолдану;

6) тәуелсіздік – мүдделер қақтығысын болдырмау, қорытынды жасау кезінде сыртқы ықпалдан бос болу;

7) дәлелдемелерге негізделген тәсіл – қорытындыларды тек тексерілген фактілер мен дәлелдемелер негізінде жасау.

146. Тәсілді негіздеу.

Қордың басқа портфельдік компанияларының мамандары қатысатын аралас/ішкі аудит жүргізу мынадай мүмкіндіктер береді:

1) өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйелерінің жай-күйін тәуелсіз және объективті бағалауды қамтамасыз ету;

2) жасырын немесе қайталанатын жүйелік бұзушылықтарды анықтау;

3) корпорация ішіндегі өзара іс-қимылға және кәсіби тәжірибе алмасуға ықпал ету.

147. Аралас/ішкі аудитке қатысушылар

Аралас/ішкі аудит жөніндегі комиссияның құрамына мыналар кіреді:

1) Қордың еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік секторының

өкілдері;

2) Қордың портфельдік компанияларының өндірістік қауіпсіздік жөніндегі мамандары;

3) Қордың компаниялар тобының Өндірістік қауіпсіздік жөніндегі жас қызметкерлер орталығының мамандары және Қордың компаниялар тобының басқа да жас мамандары.

148. Аудит объектілерін таңдау өлшемі

Жоспарлы аралас/ішкі аудиттер бекітілген жылдық кестеге сәйкес жүргізіледі. Аралас және ішкі аудиттер кестесі жыл сайын келесі басымдықтарды ескере отырып жасалады:

1) өліммен аяқталған жазатайым оқиғалар тіркелген ЕТҰ/Филиалдар;

2) ауыр зардаппен аяқталған жазатайым оқиғалар тіркелген ЕТҰ/Филиалдар;

3) қызметкерлердің өліммен және/немесе ауыр жарақатпен аяқталмаған жазатайым оқиғалары жиі тіркелген ЕТҰ/Филиалдар;

4) қалған ЕТҰ/Филиалдар.

Бас компанияда ерекшеліктеріне байланысты күнтізбелік жыл ішінде ЕТҰ/Филиалдарды аудитпен барынша қамтуды қамтамасыз ету қажет.

149. Аудит жүргізу кезеңдері

1) Дайындық кезеңі

- ЕТҰ/филиал нысанын анықтау;

- тексеру мерзімдерін келісу;

- тексеруге қатысушылар құрамын қалыптастыру;

- тексерілетін ұйым тарапынан байланыс тұлғаларын тағайындау.

2) Жоспарлау

